В рамках модернизации медицинского образования министерством законодательно введен дополнительный экзамен для отбора в медицинские вузы (вводится с 2019 года), с 2018 года внедрена промежуточная независимая оценка знаний студентов, выпускников вузов (с 2014 года), колледжей (с 2017 года), проводится интеграция 5 НИИ и НЦ с КАЗНМУ им. Асфендиярова и реорганизация в АО и НАО, до конца 2018 года все вузы будут реорганизованы в НАО, в 2017 году впервые была проведена оценка компетенций 4293 ППС медицинских вузов, также был создан Центр трансфера образовательных технологий, где за 2017 год обучено 330 ППС медицинских ВУЗов, в 1-ом полугодие 2018 года - 166 чел., в 2018 году впервые в пилотном режиме был проведен международный экзамен «Международные основы медицины – International Foundations of Medicine (IFOM)» среди 170 студентов медицинских вузов что даст возможность оценить соответствие образовательных программ подготовки медицинских кадров РК требованиям международных стандартов образования» - проинформировал министр.


Также, Елжан Биртанов подчеркнул, что в целях снижения дефицита медкадров внедрена обязательная трехлетняя отработка в госорганизациях (с 2016 года – выпускникам резидентуры, с 2019 года – выпускникам интернатуры), закреплена за МИО ответственность по оказанию мер соц.поддержки молодым специалистам (в 2016 г. – 647 чел. (42,2%) и в 2017 г. - 949 чел. (56%), выпускники интернатуры (педиатрия, акушерство-гинекология) допускаются к клинической практике на уровне АПО и в сельского здравоохранения без прохождения резидентуры

и после переподготовки по остродефицитным специальностям (неврология, профессиональная патология, фтизиатрия, медицинская реабилитология, клиническая фармакология, анестезиология и реаниматология, клиническая лабораторная диагностика), МИО выделяются образовательные гранты по медспециальностям (в 2017 году приняли 213 студентов и 75 резидентов, в 2018 году – 548 студентов и 253 резидента, с 2019 года вводится новая система учета кадров – профрегистр, что позволит к 2020 году снизить дефицит медкадров до 1,9 тыс., или на 46,5% по сравнению с 2015 годом).

В завершении своего выступления министр отметил, что подготовка кадров среднего звена в Казахстане осуществляется в 75 медорганизациях образования. В текущем году первые 311 выпускников прикладного бакалавриата сестринского дела. По Финской модели приступили к профессиональной деятельности, 17 медицинских колледжей получили статус Высших колледжей, разработаны образовательные программы прикладного и академического бакалавриата по специальности «Сестринское дело» по Финской модели внедрена двухдипломная Казахско-финская магистратура по сестринскому делу. С 1 сентября 2017 года начато обучение 20 магистрантов в КазМУНО, национальными тренерами (обученными финскими экспертами в 2015 году) каскадным методом обучено и подготовлено 345 менторов в шести регионах РК, подготовлен пул ППС колледжей по новой образовательной программе – 245 человек.

«В т.г. начат пилотный проект по внедрению новой модели сестринской службы в организациях здравоохранения на базе 31 пилотных медицинских организаций – клинических базах высших медицинских колледжей в 7 регионах РК (многопрофильные взрослые и детские стационары, поликлиники, перинатальные центры). В рамках данного пилотного проекта будут разработаны принципы и методологические основы внедрения новой модели сестринской службы: будут пересмотрены организационная структура организации и требования к штатному расписанию, функционал прикладных бакалавров и медицинских сестер общей практики, будут разработаны механизмы тарификации новых сестринских услуг и др.» - добавил министр.





УПРАВЛЯТЬ СВОИМ ЗДОРОВЬЕМ НЕ ТОЛЬКО МОЖНО,
но и нужно!

Одним из основных направлений программы развития здравоохранения «Денсаулық» является «Интеграция всех служб здравоохранения вокруг нужд пациента на основе модернизации и приоритетного развития первичной медико-санитарной помощи». В рамках данного направления предусмотрены мероприятия по внедрению Программы интегрированного управления хроническими заболеваниями (ПУЗ).

ВОЗ отмечает рост неинфекционных заболеваний

Для современного мирового общества хронические заболевания являются глобальной проблемой не только медицинского, но и социально-экономического значения. Ежегодно наблюдается рост числа больных с хроническими заболеваниями, которые приводят к тяжелым осложнениям с потерей трудоспособности и необходимостью длительного затратного лечения, в том числе стационарного.

Европейским региональным бюро ВОЗ (ЕРБ ВОЗ) в январе 2016 года был рекомендован перечень заболеваний, поддающихся амбулаторному лечению в Казахстане.

По данным исследований ЕРБ ВОЗ, в 75% - при артериальной гипертензии, в 44% - при инфекциях мочевыводящих путей, и в 42% - при стенокардии можно было бы избежать развития тяжелых осложнений, потери трудоспособности, экономически затратной госпитализации при эффективных мерах на уровне первичной медико-санитарной помощи.

Отмечается, что показатели госпитализации по данным заболеваниям в Казахстане среди стран ОЭСР одни из худших.

По итогам исследований ЕРБ ВОЗ в 2015 году в РК с сахарным диабетом госпитализировано 327 человек на 100 тысяч населения (по данным официальной статистики по итогам 2017 года данный показатель составил 718 на 100 тыс.нас.), тогда как в странах ОЭСР госпитализировано 150 человек на 100 тысяч населения.

Поэтому Министерство здравоохранения РК озабочено вопросами раннего выявления и своевременного лечения предраковых заболеваний,

так как показатели пятилетней выживаемости в Казахстане от злокачественных новообразований составляют менее 57%, тогда как в странах ОЭСР – 66% (данные за 2013 год).

В настоящее время перед системой здравоохранения Казахстана стоит задача продлить период активности жизни населения, оказать качественную помощь и сохранить трудоспособность граждан. Основная роль в этом отведена первичному медико-санитарному звену системы здравоохранения. В недавнем Послании Главы государства народу Казахстана развитию системы ПМСП отведено значительное внимание. Так, Глава государства поручил расширить доступность услуг ПМСП, особенно на селе. Также поэтапно будет повышаться заработная плата участковым медработникам, внедрившим новые подходы управления хроническими заболеваниями.

Как больному поможет ПУЗ?

ПУЗ представляет собой концепцию, нацеленную на улучшение качества жизни пациентов с хроническими заболеваниями через обеспечение интегрированного ухода и одновременное снижение расходов на систему здравоохранения за счет снижения уровня госпитализации.

Эффективность ПУЗ связана с ранним выявлением и лечением хронических заболеваний, не позволяя им прогрессировать, а также на внедрении самоменеджмента, при котором пациенты сами участвуют в том, как лучше управлять своим хроническим заболеванием, поддерживать и улучшать качество своей жизни.

Иными словами, суть проекта заключается в том,



чтобы пациент сам контролировал состояние своего здоровья в сотрудничестве с мультидисциплинарной командой медицинских работников.

В мультидисциплинарную группу входят участковый терапевт, врач общей практики, медицинская сестра, обязательно кардиолог, эндокринолог, психолог, социальный работник.

Этот подход позволяет усовершенствовать сотрудничество между различными специалистами и учреждениями, вовлеченными в уход за пациентами, такими как врачи общей практики (ВОП) и узкие специалисты, больницы и реабилитационные центры.

Участниками программы управления заболеваниями могут стать пациенты с артериальной гипертензией II и III стадии (без сопутствующих, тяжелых хронических заболеваний), с сахарным диабетом II типа (компенсированные, субкомпенсированные, без тяжелых осложнений), с хронической сердечной недостаточностью, имеющие факторы риска.

ПУЗ ведет к снижению госпитализаций

В Казахстане программа управления заболеваниями в настоящее время внедрена в 421 медицинской организации ПМСП во всех регионах страны.

По поручению Министерства здравоохранения проводится обучение специалистов мультидисциплинарных команд ПУЗ. На сегодняшний день обучено около 3 тысяч специалистов.

Достигнут рост числа пациентов, вовлеченных

в ПУЗ, с начала 2018 года в 25 раз. В программе управления заболеваниями принимают участие около 175 тысяч человек, или 11,1% от общего числа пациентов с этими хроническими заболеваниями.

Из 1,2 миллионов человек, состоящих на «Д» учете с артериальной гипертензией, только 126 тысяч принимают участие в программе. Из 327 тысяч больных диабетом казахстанцев вовлечены в ПУЗ около 38 тысяч пациента. Свыше 9 тысяч человек с хронической сердечной недостаточностью, 73 тысячи, состоящих на «Д» учете, стали участниками программы.

По итогам 6 месяцев по данным регионов доля пациентов, у которых артериальное давление было стабилизировано до уровня 140/90 ммрт ст, составила 65% от числа тех, кто участвует в ПУЗ.

Доля пациентов, достигших целевого уровня липопротеидов низкой плотности, составила 27,4%.

Отмечается положительная динамика по новым случаям госпитализаций среди пациентов с хронической сердечной недостаточностью, задействованных в ПУЗ. Уровень новых госпитализаций снизился до 11%.

Министерством здравоохранения РК в дальнейшем планируется 100% привлечение пациентов с этими хроническими заболеваниями в программу управления заболеваниями. Для этого предусматривается ряд стимулов, в том числе приоритетное лекарственное обеспечение, своевременное прохождение лабораторных исследований в рамках ГОБМП для участников ПУЗ.

БАСТЫ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының 7 бағыттан тұратынын білеміз. Бүгінгі таңда өте үлкен жұмыстар жасалынып жатқаны көпшілікке аян. Ал, біз бүгін осы жоғарыда айтылған Мемлекеттік бағдарламаның үшінші бағыты бойынша, яғни ана мен баланың денсаулығы, отбасы денсаулығы, ана мен баланың өлімі және тағы да осы орайда ой өрбітетін боламыз.

Ана мен бала өлімі көрсеткіштері басым көрсеткіштер болып табылады, ол Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген.

Ана мен бала өлімін төмендетуде айтарлықтай оң динамикаға қол жеткізілді.

1998-2018 жылдардағы кезең үшін ана өлімі көрсеткіші 6 есеге төмендеді (1998 ж. – 100 мың тірі туған нәрестелерге шаққанда 77,5; 2017 ж. – 12,5).

2000 жылы ана өлімі себептерінің құрылымында аборттар көп болды – 26,9%, акушериялық қан кетулер – 20,9%, преэклампсия және эклампсия – 13,4% құрады.

2017 жылы ана өлімі жағдайларының негізгі себептері экстрагениталдық аурулар – 40,8%, преэклампсия және эклампсия – 14,3%, акушериялық қан кетулер – 6,1% және сепсис – 6,1% болып табылады.

Балалар өлімінің көрсеткіші 2,7 есеге төмендеді.

5 жасқа дейінгі балалар өлімінің көрсеткіші 2,4 есеге төмендеді (2000 ж. – 24,9; 2017 ж. – 10,24).

Әйелдер мен балалардың денсаулығын жақсарту, ана мен бала өлімін төмендету үшін Денсаулық сақтау министрлігі жүйелі шараларды іске асыруда.

Министрлік пен өңірлер әкімдерінің арасында Облыс халқы денсаулығының жай-күйін жақсарту жөніндегі меморандумдар жасалды, негізгі нысыналы индикаторлардың бірі ана мен бала өлімінің көрсеткіштерін төмендету болып табылады.

Ана өлімінің әрбір жағдайы бойынша Министрліктің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті жоспардан тыс сараптама және құпия аудит жүргізеді.

Ана өлімінің әрбір жағдайын сараптау және талдау нәтижелері Денсаулық сақтау басқармалары мен республикалық бейінді орталықтардың қатысуымен Ана

мен бала өлімін төмендету бойынша кезек күттірмейтін шаралар қабылдау жөніндегі республикалық штапта қаралады.

Сонымен бірге 8 өңірде, яғни Астана қаласында, Ақмола, Қызылорда, Жамбыл және Қостанай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Карағанды облыстарында әкімдер орынбасарларының қатысуымен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваның төрағалығымен ана мен нәресте өлімінің жағдайлары бойынша Республикалық штабтың көшпелі отырыстары өткізілді. Жылдың соңына дейін барлық өңірлерде Республикалық штабтың көшпелі отырыстарын өткізу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, ана өлімін төмендету жөніндегі шараларды қабылдау мәселелері бойынша облыстардың және Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдерінің орынбасарларымен ҚР Денсаулық сақтау министрі Е.А. Біртановтың төрағалығымен кеңестер өткізілді.

Дәлелді медицинаға негізделген халықаралық технологиялар – тиімді перинаталдық көмек, балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра емдеу практикаға енгізілді, сондай-ақ перинаталдық көмекті өңірлендіру – жүктілік пен босану ағымының қауіп дәрежесіне сәйкес жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелерге медициналық көмек көрсету мен күтім жасау көлемі бойынша босандыру стационарларын үш деңгейге бөлу сияқты ұйымдастыру технологиялары енгізілді.

Балалар өлімін бағалау бойынша 2014 жылы БҰҰ сарапшыларының ведомствоаралық сарапшылар тобы Қазақстанда балалар мен нәрестелер өлімін тіркеудің дұрыстығы мен объективтілігін растады.

2017-2018 жылдары ҚР-да акушериялық-гинекологиялық және педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттары әзірленді және бекітілді.

Жұмыс тиімділігін арттыру және ҚР-да 2016-2019 жылдарға арналған босандыру және балалар қызметінің интергацияланған моделін енгізу бойынша Жол картасын орындау және Босандыру және балалар қызметінің интергацияланған моделін енгізу жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмыс жоспарын іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Алматы және Астана қалаларының республикалық ғылыми орталықтары мамандарының консультациялық көмекті ұйымдастыруымен жүкті, босанатын және босанған әйелдердің қиын жағдайларына мониторинг жүргізіліп,

санитариялық авиация желісі бойынша облыстық және республикалық деңгейге уақтылы ауыстыруды бақылау күн сайын жүргізіледі.

ҚР-да 2018 жылдың 9 айында медициналық көмектің қолжетімділігін жақсарту мақсатында, оның ішінде 210 жүкті, босанатын, босанған әйелдерге, 298 жаңа туған нәрестеге, 374 балаға кезек күттірмейтін көмек көрсету жағдайлары, санитариялық авиация бойынша әуе санитарлық көлігімен 2069 ұшу жүзеге асырылды.

Әрбір өңірде перинаталдық орталықтар мен балалар ауруханаларының базаларында жүкті, босанатын және босанған әйелдерге медициналық көмек көрсететін медицина қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жұмыс істейді. 80% астам босанатын әйелдерге дәрігерлік көмек көрсететін мекемелер мен балалар ұйымдарының медицина қызметкерлері ДДҰ ұсынған тиімді технологиялар бойынша оқытылды.

Перинаталдық көмекке бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету үшін хаттамалар халықаралық стандарттарға сәйкес қайта қаралды және 248 клиникалық хаттама бекітілді, медициналық ЖОО-ларда және колледждерде жұмыс оқу бағдарламалары өзгертілді.

Бекітілген халық тіркелімі, Стационарлық науқастардың тіркелімі, Диспансерлік науқастардың тіркелімі және Фертильдік жастағы әйелдер мен жүкті әйелдердің тіркелімі медициналық ақпараттық жүйелерді енгізу және интеграциялау арқылы мониторинг және жедел ақпарат алуды автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ана қауіпсіздігі мен балалық шақты қамтамасыз ету, ана мен бала өлімін төмендету мақсатында жүктіліктің 12 аптасына дейінгі мерзімде жүктілік бойынша есепке тұруға ерте келу анада болатын экстрагениталды созылмалы ауруларды анықтауға және емдеуді бастауға, сондай-ақ ерте медициналық-генетикалық диагностика және ұрықтың дамуының туа біткен аномалиялары профилактикасы бойынша іс-шараларды өткізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, босану мекемелерінде ерте мерзімде уақтылы есепке тұрған жүкті әйелдердің үлесі 31,3% ұлғайды.

20 жыл ішінде босанулар санының 1,7 есеге өскені байқалады. Осылайша мамандандырылған босану мекемелерінде, өзге медициналық мекемелерде, соның ішінде үйдегі босанулар саны 2017 ж.- 391 281 (1998 ж. – 227 400) құрады.

Үйде босану саны 3,5 есеге төмендеді (жалпы босану санынан 1998 ж. – 0,46%; 2017 ж. – 0,13%).

Сонымен бірге жүкті әйелдер арасында АИТВ-ның таралу деңгейінің 100 жүкті әйелге шаққанда 1998 жылы 0,001-ден бастап 2017 жылы 0,17-ге дейін өсуі алаңдаушылық туындатады.



Бала денсаулығына ана денсаулығы әсер етеді. Ауруларды ерте анықтау, диспансерлік байқау және оларды сауықтыру мақсатында репродуктивті жастағы әйелдерді тексеру алгоритмі енгізілген, профилактикалық тексерулердің Ұлттық скрининг бағдарламалары іске асырылуда.

Жыл сайын фертильді жастағы әйелдерді қарап-тексеру және консультация беру, контрацепциямен қамту үшін экстрагениталды патология және әлеуметтік факторлар бойынша жоғары қауіпті топтарды бөлу, сондай-ақ ауруларды ерте анықтау, диспансерлік байқау және оларды сауықтыру, денсаулық жағдайына және бала туу жоспарларына қарай динамикалық байқау топтарына оларды бөлу өткізіледі. Жүктілікті жоспарлаған кезде гравидар алды дайындық өткізіледі.

Профилактикалық қарап-тексерулер мен диагностиканы жақсарту ауруларды анықтауды жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Осылайша 20 жыл ішінде халықтың жалпы алғашқы сырқаттануы 22%-ға өсті (100 мың халыққа шаққанда 1998 жылғы 47426,1-ден бастап 2017 жылы 57896,9-ға дейін).

2006-2017 жылдар кезеңінде әйелдердің жалпы алғашқы сырқаттануы 4,7%-ға өсті (100 мың халыққа шаққанда 2006 жылғы 59597,3-тен бастап 2017 жылы 62411,6-ға дейін).

Анемиямен сырқаттану көрсеткіші 67%-ға өсті (100 мың халыққа шаққанда 2000 ж. – 1122,5; 2017 ж. – 1875,8).

Йод тапшылығы ауруларымен сырқаттану көрсеткіші (қалқанша безімен сырқаттануы) 3,7 есеге өсті (100 мың халыққа шаққанда 2000 ж. – 43,0; 2017 ж. – 160,6).

Репродуктивті денсаулықты сақтау, отбасын жоспарлау қызметі мен әдістеріне халықтың қолжетімділігі мәселелері бойынша әйелдерге консультация беру үшін МСАК деңгейінде ана қауіпсіздігі мәселелеріне 2018 жылы әйелдерді оқытуды және ақпараттандыруды жүзеге асыратын отбасын жоспарлаудың шамамен 400 кабинеті жұмыс істейді.

Аборттардың, қажетсіз жүктіліктің және жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың таралуының алдын алу үшін репродуктивті және сексуалды денсаулықты сақтау бойынша жасөспірімдер мен жастар үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі 80 астам Жастар орталығын (бұдан әрі – ЖДО) құру арқылы қамтамасыз етіледі, олардың қызметі медициналық-психикалық-әлеуметтік көмек көрсетуге, адамгершілік-жыныстық қатынастарды тәрбиелеу және жасөспірімдерді саламатты өмір салтын жүргізу дағдыларын меңгеру және қалыптастыруды оқытуға бағытталған.

ЖДО базасында жасөспірімдер еріктілік, қолжетімділік, мейірімділік, сенім және жасырын қағидаттары негізінде гинеколог, уролог, дерматовенеролог, психолог, әлеуметтік қызметкер және заңгердің консультациясын алады.

Жыл сайын жастар орталығына жүгінген жасөспірімдер санының өсуі байқалады. Осылайша 2017 жылы жүгінген адамдардың саны 2016 жылмен салыстырғанда 25% өскен және 600 мыңнан астам адамды құрады.

Республикада соңғы 5 жылда жасөспірім-қыздар арасында босанулар саны 1,6 есеге төмендеді (2012 жылғы 5693 жағдайдан 2017 жылы 3 443 дейін).

15 жасқа дейінгі қыздар арасында аборт саны 3,5 есеге төмендеді (2012 жылғы 66 жағдайдан 2017 жылы 19 дейін). 15-18 жас аралығындағы жасөспірім-қыздар арасында аборт саны шамамен 2,1 есеге төмендеген (2012 жылғы 2661-ден 2017 жылы 1286 дейін).

Осыған байланысты, басым бағыт ретінде бастапқы буында әмбебап, интеграцияланған, әлеуметтік бағдарланған, қолжетімді және сапалы медициналық көмектің дамуын көздейтін алғашқы медициналық-санитариялық көмекті жаңғырту жүзеге асырылуда.

Әйелдердің репродуктивті денсаулығын нығайту бойынша іс-шаралар бедеулікті емдеу, қауіпсіз аборттарды жою, көбінесе жыныстық жолмен берілетін инфекциялармен күресті қоса алғанда отбасын жоспарлау бойынша қызметтердің қолжетімділігін жоғарылатуға бағдарланған.

Ер адамдар мен әйелдердің репродуктивті денсаулығына әсер ететін жыныстық жолмен берілетін инфекциямен сырқаттану деңгейі 2 есеге төмендеді.

Осылайша, жыныстық жолмен берілетін инфекциямен (бұдан әрі – ЖЖБИ) сырқаттануы көрсеткіші 2000-2017 жылдары барлық халыққа шаққанда 2 есеге төмендеді (100 мың тұрғынға

шаққанда 2000 ж. –290,2, 2017 ж. – 134,9).

Ерлер арасында ЖЖБИ сырқаттану 2000 жылдан бастап 2017 жыл аралығында 2,4 есеге төмендеді (2000 ж. – 305,2; 2017 ж. – 126,9).

Әйелдер арасында ЖЖБИ сырқаттану 2000 жылдан бастап 2017 жыл аралығында 2 есеге төмендеді (2000 ж. – 276,0; 2017 ж. – 140,7).

Ерлердің несеп-жыныстық жүйелерінің ауруларымен науқастануы 2000 жылдан бастап 2017 жыл аралығында 1,3 есеге өскен (100 мың ер адамға шаққанда 2000 ж. –1657,8; 2017 ж. – 2116,0).

Әйелдердің гинекологиялық аурулармен сырқаттануы 2000 жылдан бастап 2017 жыл аралығында 1,3 есеге төмендеген (100 мың әйелге шаққанда 2000 ж. –2213,7; 2017 ж. – 1725,2).

Репродуктивті денсаулық жай-күйіне аборттарды қысқарту әсер етеді.

Фертильді жастағы 1000 әйелге аборттың таралу деңгейі 2,2 есеге төмендеді (1998 ж. – 38,7; 2017 жылы – 17,1).

Ерлердің репродуктивті денсаулығын нығайту үшін құпиялылық, консультацияның қолжетімділігі, зерттеп-қаралу, аурулар мен бедеулікті анықтау, барлық жас тобындағы ерлерді емдеуді қамтамасыз етумен 8 Ерлер денсаулығы орталығы ашылды.

Әйелдердің сүт безі обырынан болатын өлімінің көрсеткіші 20 жыл ішінде 2,4 есеге төмендеді (100 мың әйелге шаққанда 1998 ж. –16,8; 2017 ж. - 6,9).

2008 жылдан бастап 2017 жыл аралығында скрининг-зерттеп-қарау жүргізу кезеңіне ісікалды жағдайды және сүт безінің обырын анықтау көрсеткіштері 2008 жылғы 7,0%-дан, 2017 жылы 25,2%-ға, жатыр мойны обырының ісікалды жағдайы 2008 жылғы 4,3%-дан, 2017 жылы 4,8%-ға, қант диабеті 2011 жылғы 0,3%-дан, 2017 жылы 0,6% дейін жақсарған.

Бедеулік мәселелерін шешу мақсатында Қазақстан Республикасында 20 жылдан астам бұрын алғаш рет қосалқы репродуктивті технологиялар әдістері енгізілген болатын, соның ішінде экстракорпоралды ұрықтандыру (бұдан әрі – ЭҚҰ).

1996 жылы Қазақстанда өткізілген ЭҚҰ циклі арқасында бірінші бала дүниеге келді. Өткізіліп жатқан ЭҚҰ бағдарламасы бойынша біздің елде дүниеге 10 000 астам бала келді. Қазіргі таңда республикада экстракорпоралды ұрықтандыруды өткізумен 20 астам медициналық ұйым айналысады.

2010 жылдан бастап ЭҚҰ бағдарламасы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне енгізілген және 100 цикл өткізілді. Жылдан жылға мемлекет бөлетін тегін ЭҚҰ циклінің саны өсіп келеді: 2000 жылдан бастап 2017 жыл аралағында 9 есеге өсті (жылына 100 циклден бастап 900 циклге дейін).

Бедеуліктен зардап шеккен қазақстандық отбасылар үшін мемлекеттік қолдауымен заманауи репродуктивті технологияларды қолдану арқылы шамамен 5000 емшара өткізілді. Қазақстанда бюджеттік бағдарламалар арқасында 2010-2017 жылдары 1600 бала дүниеге келген.

Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасының негізгі мақсаты халықтың өмір сүру жағдайы мен сапасын арттыруды және халықтың қалыпты өсуін қамтамасыз ету үшін ерлердің, әйелдердің және жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау мен нығайту болып табылады.

20 жылда демографиялық көрсеткіштер жақсарып, әйелдер мен ерлердің өмір сүру ұзақтығы ұлғайғаны байқалады.

Сонымен, халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы (бұдан әрі – ӨСҰ) 8,45 жасқа ұлғайды, 2017 жыл қорытындысы бойынша 72,95 жасты құрады (1998ж. – 64,5 жас). Ерлердің ӨСҰ 9,72 жасқа (1998ж. – 59 жас, 2017ж. – 68,72 жас), әйелдердің ӨСҰ 6,52 жасқа ұлғайды (1998ж. – 70,4 жас, 2017ж. – 76,92 жас).

Осылайша, гендерлік тәсіл репродуктивті денсаулықты сақтау, аурулардың профилактикасы, ана мен нәресте өлімін төмендету үшін аборттардың алдын алу саласында қолданылады.

Отбасы денсаулығын сақтаудың тиімді жүйесін қалыптастыру, ерлер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығын, балалар мен жастардың денсаулығын сақтау, ана мен баланы қорғау Министрліктің қызметінде басымдылыққа ие.

Бұл шаралар Қазақстан халқының денсаулығын және әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді.



«ДӨНГЕЛЕКТІ ЕМХАНАЛАР» ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ЕҢБЕК ЕТУДЕ

Елбасы Қазақстан халқына жолдаған жолдауларында ұлт денсаулығы мемлекеттің басым бағыттарының бірі екенін айтып келеді. Тіпті Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы да бекітіліп, ол бүгінде іске асырылуда. Оның жарқын бір көрінісін, шалғай елді мекендерді аралап, кәсіби білікті мамандармен халыққа тегін медициналық қызмет көрсетуге биыл да жолға шыққан «Денсаулық» пойызынан көреміз. Қыркүйек айының ортасында жолға

шыққан «дөңгелек үстіндегі емхана» бастапқы бір айда Маңғыстау облысының 12 станциясы мен Атырау өңірінің 5 станциясын аралап, барлығы 7 мыңға жуық адамға қызмет көрсетті. Дәрігерлер қызметіне жүгінгендердің 1300-і бала екен. «Самұрық-Қазына» АҚ атынан «Samruk-Kazyna Trust» АҚ әлеуметтік жобаларды дамыту қорының ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, сонымен бірге «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Әлеуметтік жобалар қоры» корпоративтік қорымен бірге жүзеге асырып жатқан жобасы аясында пойыз әлі екі ай рельс үстінде жүріп, халыққа қызмет



көрсетеді. 6 қыркүйекте Маңғыстау облысының Тұрыш станциясынан басталған пойыздың медициналық қызметін Маңғыстау және Атырау облыстары бойынша Атыраудағы теміржол ауруханасы мамандарынан құралған медициналық топ көрсетіп, оған білікті бас дәрігер Әлия Абдышева жетекшілік етті.

– Аталған екі облыстан кейін пойыз Қызылорда облысына өтеді, сол кезде медициналық топ құрамы да өзгеріп, сол өңірдің дәрігерлері халыққа қызмет ететін болады. Маңғыстау облысындағы сапарымыз 25 қыркүйекте Толтыр станциясында аяқталып, бұл өңірде 5017 адамды қамтыдық. Тұрғындар көбіне УЗИ, рентген, кардиолог, көз дәрігері, терапевт, невропатолог, гинеколог, педиатр, лор мамандарының қызметіне жүгінді. Ал Атырау облысындағы жұмысымызды 26 қыркүйекте Мақат станциясынан бастадық. Мұнда әзірге

5 станцияны қамтып үлгердік. Жалпы осы өңір бойынша соңғы станциямыз Сағызда 13 қазанда біздің топтың қызметі аяқталады. Мақсатымыз – еліміздің шалғай аймақтарында орналасқан тұрғындарға медицинаның соңғы жетістіктерін көрсетіп, диагнозы қиын науқастарға сапалы кеңес беру. Мұнда мамандар таңғы 9.00-ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыс жасайды. Ал түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін. Дәрігердің тегін көмегіне жүгіну үшін жеке төлқұжатыңыз болу керек. Мұндай пойыздың бір тиімділігі сырқатты әрі-бері сабылтпай, бір жерден тексерістен өткізетіндігінде, – дейді бас дәрігер.

Мамандар пікірінен бөлек, олардың көмегін алған халықтың пойыз туралы бағасы да өте жоғары. «Ауыл тұрғындарына көмек көрсетіп қана қоймай, қамқорлық танытып отырған дәрігерлердің қызметіне дән ризамыз. Емханаға барсақ, көп уақытымыз кезек күтумен өтетін.



Ал мұнда кардиолог, терапевт және хирург дәрігерлерге бір жерден және тегін қараласың. Өз басым, пойыз дәргерлеріне қаралып, облыстық ауруханаға жолдама алдым. Шалғай ауылдарды аралап, халықты қабылдап, ем-дом көрсетіп, кеңес беріп жатқан ақ халатты абзал жандарға айтар алығысымыз шексіз», – дейді Жәния Есімова есімді емделуші. Пойыздар заманауи диагностикалық жабдықтармен, соның ішінде компьютерлік спирометрлік жүйемен, эхоэнцефалографпен, кардиологиялық мониторлық жүйемен жабдықталған. Пойыз құрамындағы медициналық құрамда терапевт, педиатр, невропатолог, окулист, ЛОР, гинеколог, хирург, уролог, маммолог, стоматолог сынды білікті дәрігерлер бар.

Маңғыстаудан кейін бүгінде Атырау облысының халқына қызмет көрсетіп жүрген аталған пойыз алда Қызылорда, Түркістан

және Алматы облыстарын да аралайды, жалпы алғанда биылдыққа 71 станцияға тоқтап, дәрігерлік көмек беруде. Аталған станциялар тұрғындарына жоғары кәсіби білікті мамандардан кіші хирургиялық ота, сапалы стоматологиялық ем-шаралар қызметтері көрсетілуде.

Тағы бір медициналық пойыз «Саламатты Қазақстан» ел шығысына екінші мәрте барып, шалғай станциялар мен желі бойындағы елді мекендер тұрғындарын қабылдап, диагностикалық тексерулер өткізді.

Осыған дейін ол қазан айының алғашқы онкүндігінде Дегелең-Жаңа-Семей және Локоть-Семей тармағында орналасқан бірқатар станцияларда қабылдау жүргізген болатын. Бұл жолы Шығыс Қазақстанның жол айрықтарынан келе жатқан аталмыш кешенді пойыз Шар-Ақтоғай телімі аралығында бірнеше күн аял-



дап, теміржолшылар мен өзге де тұрғындарды қабылдады. Әуелгі кезекте Жаңғызтөбе станциясына тоқтап, екі күн қатарынан жұмыс жүргізді. Барша тұрғындар алдын ала хабарландырылғандықтан тегін тексеруге келушілер қатары мол болды.

– Жергілікті теміржолшылар арасында, әсіресе стоматолог, дерматолог, уролог, невропатолог, кардиолог, терапевт, педиатр, окулист сынды дәрігерлерге кезекке тұрғандар көп болды. Сондай-ақ, УДЗ арқылы диагностикалау және ем-шаралық кабинеттердің тиімділігі анық байқалды. Цифрлы флюорографиялық аппаратпен рентген түсіріліміннің жылдам алынуы қамтамасыз етіліпті. Бұл талдама нәтижесін көп күттіртпейді екен. Мұнымен қатар, тіс дәрігеріне қаралушылар саны көп болды, – дейді Жаңғызтөбе станциясының бастығы Азамат Нұрғалиев.

Сонымен қатар, «Саламатты Қазақстан» пойызы теміржолшылардың мол шоғыры орналасқан Жарма станциясында екі күн, Үшбиік станциясында бір тәулік, ал Таңсық станциясында екі күн қатарынан тоқтап, «тайлы-тұяғын» қалдырмай тұрғындарға толықтай дерлік қабылдау жүргізді. Осыдан соң дәрігерлер қауымы Алматы өңіріне аттанып кетті.

Жалпы мұндай медициналық пойыздар жобасы 2010 жылы бастау алған болатын. Осы аралықта консультативтік-диагностикалық пойыздар еліміздің 1326 станциясына барып, тұрғындарды қабылдаған. Мамандар 379 мыңнан астам қазақстандықтарды қарап, емдом жасаған, оның ішінде 83806 балалар бар. Ал «дөңгелек үстіндегі емхана» дәрігерлеріне қаралғандардың жалпы саны 2,5 млн адамды құраған.

Жібек Жайық

ӨЗГЕГЕ ӨМІР СЫЙЛА

Елбасы жыл сайынғы халыққа Жолдауында медицина қызметін жандандыруды басты назарға алады. Биыл да медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл күйінің аса маңызды компоненті болып саналатынын атап өтті. Осы ретте қол жеткізген нәтижелердің бірі ретінде ұлттық медицинаны дамыту мен ұлттық қауіпсіздікті сақтау мақсатында еліміздің қан қызметі саласы ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып әлемдік стандартқа сай жұмысын өз биігінде жандандырып келетінін айрықша атап өтуге болады. Елордадағы Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы қан қызметіндегі осынау айтулы жетістіктердің көшін бастап тұрған бірден-бір мекеме болып табылады.

Қан құю арқылы адам жанын түрлі аурулардан, қан кету салдарынан, хирургиялық ота немесе органдар мен тіндерді ауыстырып салу кезінде арашалап қалу мүмкіндігі артып отыр. Адам мен жануардың қанын ауыстырудан басталған ғасырлар бойғы әлемдік тәжірибелер бүгінгі таңда медицинаның таптырмас саласы ретінде танылып, жаһандық жетістіктерімен таң қалдыруда. Тәуелсіз Қазақстан да бұл үдерістен шет қалмай, елімізде қан қызметін қайта құруда ауқымды жұмыстар атқарылды. Оның көш басында 2011 жылы қайта құрылған Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы тұрғанын ескерген жөн. Халыққа жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін аталмыш орталықта ағзаларды және тіндерді транспланттау кезінде донор мен реципиенттің үйлесімділігін зертханалық анықтауды жүзеге асыратын еліміз бойынша баламасы жоқ иммунологиялық типерлеу зертханасы құрылды. Ол жүрек, бауыр, бүйрек, сүйек кемігін ауыстырып салу кезінде үйлесімділігіне қажетті зерттеудің барлық спектрін жүргізуді қамтамасыз етеді. Оның қызметі иммуногенетиктердің Еуропалық Федерациясының (EFI) стандарттарын қолдануға негізделген. Осы зертхананың көрсететін қызметінің арқасында елімізде қанның қатерлі ауруына шалдыққан

жағдайда сүйек кемігін, тіндер мен ағзаларды транспланттаудың белсенді дамуына мүмкіндік туды.

Қазіргі уақытта орталық зертханалық диагностика жасау және донор қанын дайындаумен қатар, трансфузиялық инфекцияны диагностикалау кезінде кемшіліктің болуына жол бермеу мақсатында екі деңгейлі зерттеуді жүргізу, донорлық қан үлгілерін үш жылға мұрағаттау, қала ауруханаларын донорлық қанмен қамтамасыз ету бағыттарында сапалы қызметімен сенімнің үдесін барынша ақтап келеді. Жоғары санатты технологиялармен жабдықталған орталық білімді де білікті мамандарды даярлау ісінде де қалыс қалмаған. Технологияларды лайықты игеру үшін қан қызметі саласының мамандары шетелдік әріптестермен жиі тәжірибе алмасып, оқыту бағдарламаларынан өтеді. Яғни саладағы кадрлық резервті ұлғайтуға орталық тарапынан көп көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, қан қызметінің дамуына донорлардың қатары күннен күнге артып келе жатқаны дәлел. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған донорлықты дамыту көрсеткіші бойынша Қазақстан 1000 адамға шаққанда 25 болуы қажет, ал бүгінгі күні ол 1000 адамға шаққанда 17-18-ді құрап отыр. Дегенмен Астанада 1000 адамға шаққанда 54 көрсеткіш тіркелгені көңіл қуантады.

– Мен соңғы отыз жылдан бері жылына екі рет қан тапсыруды әдетке айналдырдым. Ең алғаш 25 жасымда жұмыстағы қызметкердің туысына қан қажет болып, әріптестеріммен бірге еріп барғаным есімде. Шыны керек, ол кезде қан тапсырудың маңыздылығын түсінбедім де. Жылдар өте донор болып адам өмірін сақтап қалудың сауапты іс екенін және қан тапсырған сайын өз ағзамдағы қан айналым жүйесі жаңара түсетінін түсіндім. Тоқсаныншы жылдары қызметтесіміздің келіншегі жүктілік кезінде көп қан жоғалтып, менің қаным сай келгендіктен, донор болған едім. Әлі күнге дейін «сен менің келіншегім мен баламды құтқардың» деп алғысын айтып жүреді, – дейді Қазақстандық теміржол, автокөлік, әуе және

су көлігі қызметкерлері салалық кәсіподағының құқық қорғау жөніндегі инспекторы, өтеусіз қан тапсырушы Назира Көшкімбаева.

Назираның қан тапсырудағы басымдықтарына көз жеткізген қызметтегі екі жолдасы да өтеусіз қан тапсыруды игі дәстүрге айналдырған. Кейіпкеріміз сияқты қаншама адам қан тапсырып, донор болудың тиімді әсері барына куә болып келеді. Мамандардың айтуынша, белсенді донорлар жүрек-қан тамырлары ауруымен сирек ауырады және қан кету олар үшін қауіпті жағдай тудырмайды. Тұрақты қан тапсыратын адамдардың өмір сүруі орта есеппен алғанда қарапайым статистикалық адамның деңгейінен 5 жыл артық болатыны ғылыми және тәжірибе жүзінде дәлелденген, өйткені оларда қан алмасу жүйесі қызыл сүйек кемігінің жасушасы тұрақтанып, иммунитет белсенділігі арта түседі. Яғни донор бола тұрып, тек біреуге өмір сыйлап қана қоймай, өз өмірін де ұзарта алады.

Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығында күніне 100-ден аса адам түрлі жағдайда донор болады. Оларға сапалы әрі санитарлық әдепке сай қызмет көрсету – орталықтың басты міндеттерінің бірі. Бұл үшін орталықта қызмет ететін 320-ға жуық адамның барлығына лайықты еңбек жағдайы қарастырылған. Ақмоладағы қан құю пункті ретінде тарихын 1965 жылы бастаған бүгінгі орталықтың ұжымында әлеуметтік-құқықтық жүйе қалыптасқан. Ұзындық шарт бойынша қызметкерлердің әр еңбегі құрметке лайық бағаланады. Мұнда жас мамандар адал қызмет етуге ант беріп, тәлімгерлердің ақ батасын алатын жақсы үрдіс қалыптасқан. Жалпы ұжымның 30 пайызын құрайтын жас мамандардың Жастар кеңесі де белсенді жұмыс істейді. Олар әрбір қоғамдық шараға белсене араласады.

«Донор» сөзі латын тілінің «donare» – сыйлау сөзінен шыққан. Сондықтан, донор болып өзге адамға өмір сыйлауға болады. Өйткені күннен күнге қарыштап дамып келе жатқан медицина медицинадағы тапсырылған қан құрамынан үш түрлі жекеленген компоненттерді бөліп алуға қауқарлы. Мәселен, эритроциттер, тромбоциттер, плазма – белгіленген аурулары бар науқастар үшін таптырмас дәру болып табылады. Ендеше, әрбір дені сау адам донор болуға лайықты!

Ұлжан ШОРАЕВА



Ақысыз еңбек байытады ма?



Елімізде волонтерлық қызметтің танымалдылығы соңғы жылдары артып келеді. Оған 2016 жылы жарық көрген «Волонтерлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы дәлел болмақ. Сондықтан, ақысыз еңбек етуге ниетті еріктілер қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуде өз үстемдігін дәлелдеп, рөлін айшықтай алды деуге тікелей негіз бар.

Заң бойынша волонтерлық қызметті 18 жасқа толған жеке тұлғалар жүзеге асыра алады. Ал кәмелеттік жасқа толмағандар денсаулығына және имандылық тұрғысынан дамуына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жағдайда жүзеге асырады. Он төрт жасқа толмаған жеке тұлғалар волонтерлық қызметке ата-анасының (өзге де заңды өкілдерінің) жазбаша келісімімен немесе олармен бірге ілесіп жүруімен қатысатынын түртіп өткен жөн.

Волонтерлер атқаратын жұмыстың аясы кең. Мәселен, халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтары мен табиғи апаттардан зардап шеккендерге көмектесу, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдарды іздестіру, табиғатты қорғау мен абаттандыру,

мәдени, спорттық шараларды ұйымдастыру және өзге де қоғам дамуының игі бастамаларын насихаттау сияқты түрлі жұмыстарды жаппай жүзеге асыруда волонтерлердің еңбегі орасан. Волонтерлерді бір арнаға тоғыстыру үшін ресмиліктің қажеті жоқ. Интернет ресурстары арқылы олар бір-бірін тауып, ұйымдаса алады. Ал олардың басын біріктіретін арнайы топ немесе ұйымдардың құрылуы да заңға қайшы емес.

Мысалы, мүмкіндігі шектеулі және көпбалалы, тұрмысы төмен отбасылардың балаларына медициналық кеңес пен емдеу-диагностикалық көмек беруді, мүгедек балаларды оңалту мен олардың емімен айналысатын медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен, шығармашылық, мәдени одақтармен, халықаралық және ғылыми-зерттеу ұйымдармен ынтымақтаса отырып салмағы басым қайырымдылық шараларды өткізуді мақсат еткен Ағабек Қарабеков атындағы қоғамдық қоры белсенділерінің ұстанған бағыты ерекше екенін атап өтуге болады.



Олардың қайырымдылық пен ағартушылық қызметті ту еткен «Территория Shanyrak Ambulance» жобасы ҚР Тұңғыш Президенті қорының XIV әлеуметтік идеялар жәрмеңкесінде топ жарып шыққаны тақырыбымызға арқау болмақ. Аталған жобаны қордың жанынан құрылған «Shanyrak Ambulance» волонтерлер командасы жүзеге асырады. Жоба жастардың волонтерлық және олардың білімі мен мәдени-спорттық дамуына қызмет етеді. Әлеуметтік бейнероликтер мен қайырымдылық марафондарының байқауын ұйымдастырып, медициналық оқу орындары мен медициналық емес ұйымдардың студенттерін парамедицинаға оқытуды көздеген жоба қатысушыларының қатарын бүгінде Астана медициналық университетінің 80-ге жуық студенті толықтырып келеді. Оларды ынтымақ пен бірлікке, нәтижелі еңбекке бастап тұрған көшбасшылар Берік Зұлқайнар мен Абай Төлемісов те медициналық университеттің белсенді студенттері.

«Shanyrak Ambulance» еріктілер тобы бір жылға жетпес уақыттың ішінде 20-дан аса іс-шараның абыройлы өтуіне атсалысқан. Болашақ

дәрігерлер салауатты өмір салты мен қоғамды денсаулық сақтау мәдениетінің жан-жақты қырына тәрбиелеуді мақсат еткендіктен, олардың әр бастамасы маңызды. Мәселен, қоғамдық қордың жетекшілігімен Ақтау қаласындағы Жетімдер үйінде 60 бала тегін медициналық тексерістен өтіп, 15 медицина қызметкері оқытылды. Дені сау балалардың бақытты болашағы үшін жасалған қайырымдылық бағдарламаның ұйымдастыру шараларында ерікті студенттердің еңбектері еленбей қалмады. Дәл осы шара Шымкент қаласында да қайталанып, 125 балаға денсаулығы білікті мамандардың тексерісінен өтті. Сонымен қатар, медицина қызметкерлері арасында волейбол, баскетбол мен шахматтан спорттық жарыстарды ұйымдастыруда және Астана медициналық университетінің студенттеріне арналған «Өзіңді өзің қалыптастыр» атты жастар тренингін өткізуде де волонтерлердің еңбегі төбе көрсетті. Осы сынды балаларды оңалту мен олардың өмірдегі бақытты күндерін сапалы етуге басым бағыттар беретін өзге де шаралар жемісті нәтиже көрсетіп келеді. Сондай-ақ, ҚР Тұңғыш Президенті



– Елбасы қорының қолдауымен «Аналармен бірге» атты «Анаммен бірге» атты тренингті ұйымдастырған қор белсенділері «ерекше» балалардың ата-аналарын оңалту әдістері жайлы біраз кеңестермен сусындатқаны қордың әлеуметтік маңызы бар бағытты ұстанғанын тағы да дәлелдей түспек. Алдағы уақытта еліміздің басқа қалаларында білім алып жатқан болашақ дәрігерлердің ерікті жастары «Shanyrak Ambulance» тобына қосылып, волонтерлер қатарын 200, 300 және 500 адамға жеткізу қордың жоспарында көзделген.

Жоғарыда айтқанымыздай, волонтерлық қызмет жеке тұлғалардың бастамасымен бейресми тұрғыда атқарыла береді. Сондай игі бастаманы қолға алып, бүгінде қатарын 40-қа жуық ерікті жаспен толтырған Бүркіт Малгаждаровтың атқарған қайырымдылық жұмыстарына шолу жүргізсек.

Бүркіттің волонтерлық қызметті бастауының өзіндік тарихы бар. Ол небәрі 20 жасында тағдырдың қатаң сынына ұшырап, жол көлік оқиғасының салдарынан денсаулығына біршама сызат түсіреді. Ұзақ әрі үздіксіз емделудің нәтижесі болмаған соң, Бүркіттің жан дүниесі күйзеліске ұшырағаны заңдылық. Арада үш жыл өткенде көлік оқиғасы екінші рет оны сынға алып, денсаулығын одан әрі нашарлата түседі. Өрімдей жас үшін өмір сүру мұңға айналып, бақыттан күдер үзген шақтың бірінде ол мүгедек жандарға арналған іс-шараға қатысып, сырқатына дауа тапқанын түсінеді. Сол сәтті Бүркіт Малгаждаров былай түсіндіреді:

– Мен мүлде жүре алмайтын, орнынан қозғала алмайтын, сөйлей алмайтын, көре алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандармен бір шарада ұшырасып, оларға қандай да көмек бере алатынымды түсінгенде денсаулықтан артық байлықтың жоғын және менің жағдайым олардікінің қасында әлдеқайда жақсы екеніне көз жеткіздім. Сол күні менің жүрегімде жаңа сәуле пайда болды. Бала күнімнен жақсылық жасауға жаным құмар болушы еді. Мен науқасымның емін өзгелерге жақсылық жасаудың ләззатынан ғана таба алатынымды терең ұқтым, – деп алғашқы волонтерлық қызметке араласуына түркі болған оқиғаны тебірене баяндады.

Бүркіт волонтерлер қатарында 2011 жылдан бастап белсенділік танытып келеді. Оның ішінде, «Шұғыла» және «Best for Kids», «ARDAIM» қоғамдық қорларында, «Мүгедек жастар қоғамы» қоғамдық бірлестігінде көптеген іс-шараның ұйымдастырылуына атсалысқан. Ауқымды шаралардың жоғары дәрежеде өтуі үшін демеушілер

мен серіктестерді тауып, олармен мәмілеге келу сияқты әр істі жауапты әрі нәтижелі орындай алуының себебін көңіл қалауының шапшаңдығынан деп түсіндіреді. Бүркітті көп балалы және мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған жалғыз басты аналардың жағдайы көп алаңдататын. Ойлана келе қайырымдылық жасау үшін байыған кезді күтпей, бірлік пен ұйымшылдықтың арқасында жалғыз басты аналарға қамқорлық көрсету нағыз қазақ азаматтарының айнымас борышы деген ұранмен түрлі саладағы достарының намысын қайрап, 2014 жылы «Жігіттер» деген атпен волонтерлық топ құрады. Олар екі айда бір рет ешкімнің қалтасына салмақ түсірмейтіндей, 2000 теңгеден бастап топтың алтын қорына ақша жинап, әлгіндей отбасына арналған қажетті азық-түліктер сатып алады. Бүгінде бұл топта 40 ерікті бар. Жүрген жерінде қайырымдылық жасаудың үлгісін танытатын Бүркітті қолдаушылар аз емес. Алдағы уақытта «Жігіттер» волонтерлық тобының қатары 100, 200 адаммен толығып жатса нұр үстіне нұр. Сонда көмекке зәру отбасылардың қажеттілігі де молынан өтелмек.

– Алғашқыда жағдайымыз тек бір отбасына көмектесуге жететін. Қазір қатарымыздың көбейгені себепті үшеу, бесеу болып мүмкіншілігіміз артып отыр. Ең бірінші рет есімде, жүре алмайтын қарындасымызға бәріміз ақша жинап, аяғына ортез алып бердік. Соның арқасында ол бір айдың ішінде қайта жүгіріп кетті. Сондай-ақ, жолдасы өмірден озған, кезінде балаларын рәсімдеуді қолға алмаған 6 баланың анасына жігіттер заңгер жалдап, жарты жылдың ішінде мемлекеттен жәрдемақы алатын жағдайға жеткіздік. Осындай игі істер менің жанымды да, тәнімді де емдейді, – деп Бүркіт волонтерлық қызметпен айналысуды еш уақыт тоқтатпайтынын және сол арқылы өмір сүріп отырғанымен бөлісті.

Расымен де, волонтерлық қызмет адамды рухани байытады. Қиын сәтте өзгеге қол ұшын беру, өзгенің тағдыр арқалатқан ауыр жүгін жеңілдету және басқа да насихатты қажет ететін қоғам үшін пайдалы шараларды ұйымдастыру сынды халықтың игілігі жолында шаршамай еңбек ететіндердің әдеби мен әдетінде оң өзгерістер орын алатынын аңғару қиын емес. Волонтерлық қызмет жастардың бойында ұйымдастырушылық, ізденімпаздық, мейірімділік пен еңбекқорлық қасиеттерді арттырады. Сондықтан, еріктілердің еңбегі қоғам дамуының бір шыңы деуге болады.

Ұлжан ШОРАЕВА



Жұмыс - мүмкіндікті шектемейді



Денсаулығына байланысты өмірдің көшіне ілесе алмай қалатын жандар қай елде, қай заманда болмасын өкінішке орай бар. Оларды қоғамнан шеттетпей, қайта сол қоғамға өздерін еркін, өзгелермен тең дәрежеде бейімдеуге шақыру адамдықтың шыңы болып табылады. Ал олардың еңбек ұжымдарында ел қатарлы жұмыс істеуі және оған жағдай жасау нағыз көргендіктің белгісі.

Астана қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығы соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы бағдарлама бойынша қызмет көрсетуді бастап, жұмыс беруші арасында алтын көпір болып отыр. Яғни, бұл бағдарлама 2016 жылдың 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы негізінде және қала әкімдігінің 2016 жылдың 16 қарашадағы «Астана қаласында жұмыс орындарына квота белгілеу» туралы қаулысына сай жүргізілуде. Заңның 27-бабында жұмыс орындарына квота бөлу бойынша азаматтардың 4 санаты көрсетілген. Олар – мүмкіндігі шектеулі жандар, түрмеден босап шыққандар, пробация қызметінің

есебінде тұрғандар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған 18-29 жас аралығындағы жастар.

Қаулыда квота бойынша жұмысқа орналастырудың пайыздық қатынасы нақты көрсетілген. Сонымен, бірінші санаттағы азаматтар, яғни мүмкіндігі шектеулі жандар 50-ден 100 адамға дейінгі кәсіпорындарда – 2%, 101-ден 250 адамға дейін – 3%, 251-ден жоғары болса – 4%. Пробация есебінде тұрғандар мен түрмеден босап шыққандарға кәсіпорын қызметкерлерінің санына қарамастан – 1%. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған жастар – ұйым қызметкерлерінің жалпы санына байланысты – 1% бойынша орналастырылуы негізделген.

Соның ішінде, мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмысқа орналасу жағдайына тоқталайық. Жұмыспен қамту орталығы берген статистикалық мәлімет бойынша биылғы жылдың алғашқы жарты жылдығында 310 мүгедектігі бар адам орталық арқылы жұмыспен қамтылған. Оның 101-і тұрақты жұмыста еңбек етіп жатса, қоғамдық жұмыстарға 167 адам тартылған. Ал 17 адам әлеуметтік жұмысқа, жастар практикасы

бойынша 8 адам жұмысқа орналасқан. Сондай-ақ, 17 мүмкіндігі шектеулі азамат кәсіптік оқуға жіберілген. Орталық мамандарының айтуынша, ақпараттың кеңінен насихатталуы нәтижесінде, аталған квота бойынша жұмысқа орналасу үшін орталықтың қызметіне жүгінушілер қатары артып келеді. Себебі, денсаулығында кінараты бар жандарды кез келген жұмыс орнына қабылдай бермейді. Мұны II топтағы мүгедектігі бар Әлемгүл Жақанова да растап отыр.

– Мен соңғы үш жылдан бері денсаулығым байланысты жұмыссыз жүрдім. Жұмыспен қамту орталығы арқылы біраз жұмыс табылғанымен, жұмыс берушілер кенеттен талып қалатын сырқатымның барын білгеннен-ақ сыпайы түрде шығарып салады. Талып қалу сырқатым асқына түскен соң, былтыр дәрігерлер II топтағы мүгедек ретінде тіркеуге алды. Сол арада мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жұмыс жәрмеңкесі жайлы естіп, оны ұйымдастырған Жұмыспен қамту орталығына бардым. Қажетті құжаттарымды жинап және бос жұмыс орны табылғанша бірнеше ай өтті. Сөйтіп 19 ақпаннан бастап «Семей-яп» қоғамдық қорына тіркеу технигі болып жұмысқа орналастым. Қасымдағы қызметтестерім де өзім сияқты адамдар. Сондықтан, мен үшін қазір сырқатым жұмыссыздыққа алып келеді деген қорқыныш тудырмайды, – дейді Әлемгүл Жақанова.

Жиырма сегіз жастағы Әлемгүл мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмысқа орналасуына жағдай жасайтын орталықтың қызметіне дән риза. Аптаның бес күніндегі сегіз сағаттық жұмысы өзіне ұнайды. Ол Семей ядросынан зардап шеккен мүмкіндігі шектеулі азаматтарды тіркеумен айналысады. Мұнда бір жылдық келісімшарт бойынша жұмыс істегенімен, әрі қарай орталықтың қамқорлығынсыз қалмайтынына сенеді.

Әлемгүлмен құрдас Дария Оспанова да Жұмыспен қамту орталығы арқылы денсаулығына салмақ түсірмейтін лайықты жұмыс тапқан. Ол III топтағы мүгедектігін былтыр қараша айында алған. Дәрігерлердің нұсқауымен орталыққа келіп, онда Дарияға бес бағыт бойынша жұмыс түрін ұсынған. Соның ішінде, «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК тіркеу технигі қызметін таңдап, соңғы алты айдан бері тұрақты жұмыс істеп келеді.

Дария екі баланың анасы. Жүйке талшықтарының сыр беруінен бұлшықеттері жиі құрысып қалатын болған соң, дәрігерлер оның денсаулығын бақылауға алған. Негізгі мамандығы экономист-бухгалтер, бірақ ол салада еңбек өтілі болмаған. Декреттік демалысының алдында баспа үйінде қол қимылдарымен аударудың маманы болып жұмыс істеген. Қазіргі жұмысы онысынан өзгешелеу болғанымен, Дария екі күн сайын 7 сағаттық жұмыс тәртібімен атқаратын қызметтік міндеттеріне шағымы жоғын алға тартады.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамның қайнаған тіршілігінен алыстатпай, олардың ел дамуына қандай да үлес қосуына мүмкіндік сыйлауды Астана қалалық жұмыспен қамту орталығы басым бағыттарының бірі ретінде жолға қойған. Сол себепті, орталықтың көмегіне жүгініп, өмірде өз орындарын тауып жатқан көңілі жарымжан жандар қаншама. Олардың алғысы еселенген сайын орталықтың қызметтік сапа мүмкіндіктері күн сайын артып келе жатқанын аңғару қиын емес. Өйткені, орталықтың ғаламтордағы парақшасы арқылы тіркелу мен жұмыс таңдау әлдеқайда қолжетімді бола түскен.

Биыл «Астана қалалық Халықты жұмыспен қамту» мемлекеттік мекемесінің құрылғанына 7 жыл толып отырғанын ескерусіз қалдыру мүмкін емес. Бүгінгі күнге дейін орталық нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде қарқынды жұмыс істеуде. Жеті жыл ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына 100 000 аса адам өтініш берсе, оның ішінде 43 781 адам тұрақты жұмыспен қамтылғаны ұжымның жемісті жетістігін көрсетеді. Жастар практикасы бағдарламасы бойынша 5 068 түлек жұмысқа орналасып, қоғамдық жұмыстарға 13 757 адам жіберілген және 10 395 адам кәсіби біліктілігін арттырып, 31 адам микрокредит ала отырып өз кәсібін ашқан. Осындай ауқымды жұмыстардың нәтижесінде, елордадағы жұмыссыздық 5,8 пайыздан 4,6 пайызға төмендеген.

Ұлжан ШОРАЕВА

Әлия Кәрібаева:

*«Балаларды бақыпты
ету үшін өзің де
бақыпты болу керек!»*



Төбесін қар шалған, қарт Алатаудың баурайында айналасына үлгі болып отырған керемет бір отбасы бар. Олардың кереметтілігі мыңғырған мал мен зәулім сарай емес, асқан атақ пен зор байлықта емес, алтыннан да бағалы кең жүректерінде. Ия шынымен жүректері жылы, пейілдері кең болғаннан болуы керек, екі ұл өсіріп отырған Біржан мен Әлия Кәрібаевтардың отбасы бір күнде көп балалы отбасы атанды. Жақында Алматы облысы бойынша «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздары атанған Кәрібаевтар отбасының құпиясы неде деген сұрақпен біз де осы өңірге ат басын тіредік.

- **Әлия ханым, Сізді Батыр ана десек артық айтқандық емес, себебі қазіргі өзге түгіл өз баласынан безініп, жан түршігерлік оқиғаларды естіп жағанды ұстатып жүрген кезде «Анам қашан келер екен» деп жалтақтаған сәбилерді және біреу емес бірнешеуін бауырыңызға басып, аналық махаббат пен жылулық берген Сіздің бұл қадамыңызға бас июге болады. Ал, Сізді бұл қадамға қандай жағдай итермеледі, отбасыңыз қалай қабылдады?**

Біз негізі қыз баланы аңсап жүрген едік. Бірақ, отбасылық кеңесте сол қыз баланы балалар үйінен алсақ деген ниет айтылып, ол бәрімізге ұнап, сондай шешім қабылдадық. Бірақ, Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты қамқоршылық және қорғаншылық мекемесі Бізге басқа жағын ұсынды. Олардың айтуынша Біздің отбасы және тұрғын үй мәселесін және тағы басқа ережелеріне сай келгендіктен, балалар үйінің отбасылық түрін ұсынды, яғни біз он бала алуға мүмкіндігіміз бар екенін айтты. Әрине, бұл өте үлкен жауапкершілік, оның құжат және тағы басқа өзіндік тексерістерге сай болатын жақтарынан бөлек адам бұған моральді тұрғыдан, ата-ана ретінде, ертең ол балаларды бауырымызға басқан соң кері жол болмайтыны тәрізді сан алуан сұрақтарға жолдасым екеуміз бір-бірімізбен, өз-өзімізбен, қабырғамызбен келісе бастадық. Қаншама ұйқысыз түндер өтті, екеуміз қалай болады деген сан-сұраулармен әйтеуір одан да өттік. Одан кейін отбасына алатын балалардың өзі оңайлықпен келмеді, себебі бір баланың құжаты сот қарауында болса, біреулердің ата-анасы ресми түрде бас тартпаған болып шықты. Сонымен не керек, біздің отбасымызға бұйырған Алланың берген бүлдіршіндері, төрт ұл бала және үш қыз баланы үйге шақырдық, ұнаса біздің отбасына

қош келдіңдер дейміз, біздің баламыз боласындар деп түсіндіре отырып, егер ұнамай жатса қайтадан кері оралуларыңа да бөгет жоқ деп түсіндіре отырып, мән-жайды айттық. Үйдегі екі бала да қатты қуанды, тіпті қызғаныш сезімде болмады, қайта тез тіл табысып, достасып кетті.

- **Орыс, украин, белорус, неміс, шешен, татар ұлтының балалары болғаннан кейін олардың түрлерінен ақ ерешеліктері байқалып тұрады. Ал, ол балалардың өзге ұлт өкілдерінен болғаны еш қиындық не болмаса сұрақ туғызбады ма?**

- Кейде өтіп бара жатқан не болмаса қарап қалған адамдар сұрап жатады, неге ақшыл өңдері деп, біз оған әжелеріне тартқан деп жауап береміз (күлімдеп). Шындығына келгенде біз жолдасым екеуміз түр-әлпеттеріне, шаштарының не болмаса көздерінің түсіне, ұлтына қараған емеспіз. Себебі, бұл балаларды біз жоғарыдан келген сый деп білеміз. Дүниеге келген әр бір бала бақытты болуға міндетті. Балаларымыз қазақша сөйлейді, сегізі қазақ мектебінде оқиды. Бізге келгеннен соң біз олардың ойларын сұрап көріп едік, бірден қазақша оқимыз деді, орыс мектебіне барғыларың келсе айта қойындар деген біздің ұсынысымыздан бірден бас тартты.

- **Отбасында қалыптасқан дәстүрлер не болмаса үрдіс бар ма?**

- Әрине, біз отбасымызбен әр жексенбі сайын міндетті түрде демалыс жасап, серуенге не болмаса қала сыртына тағысын тағы толып жатқан отбасылық демалыс орындарына барамыз. Отбасылық ас мәзірін дайындап, үлкен дастархан басында балаларымыздың тәртібі, жеткен жетістіктері не болмаса болмашы қателіктері болса соларды айтып, жалпы отбасылық талқыға саламыз. Келесі демалыс күнгі серуенге дейін нәтиже шығаруға тырысамыз. Одан кейінгі отбасылық үрдіс болып қалыптасып келе жатқан ол әрқайсымыздың туған күн мерекесін қарсы алу. Қалай түнгі 12 болады, солай құттықтау рәсімін жасап, дайындаған тортымызды сыйлап, ұйықтамай, күтіп, бір-біріне дайындаған сыйлықтарын беріп мәз-мәйрам боламыз. Және біз әр баламыздың көзінен көріп тұрамыз, олар туған күндерін күтеді, қуана қарсы алады, бәрі шынайы. Балаңның бақытты сәттері ол ата-ананың бақытты ғұмыры деп білеміз.

- **Бала тәрбиелеу, оның үстіне көп балалы үйде және енді бір-біріңді танып жатқан кезде қиындықтар туындамады ма?**

- Бала саған күш-қуат береді, бақытты сәттер береді. Бірақ сен оған одан да көп нәр құюың керек. Бала ол бос құты тәрізді. Не құясың, соны аласың. Оларды махаббатпен, қамқорлықпен, бақытпен шатыққа толтыру керек. Оларды бір-біріне сенуге, қамқор болуға үйретуіміз керек. Егер біздің балаларымыз бақытты болса, біз бақыттымыз. Бәрі бізді жақсы көреді, біз сол үшін ризамыз. Одан кейін балаларды бақытты етуің үшін өзің де бақытты болуың керек. Соны көрсете білуің керек. Үйде ұрыс-керіс болмағаны абзал. Мен осы тұрғыдан көп жерде маған дер кезінде иығын тосып, көмегін аямайтын, түсіністікпен қарап, балаларды бірдей жақсы көріп, алақанына салып отырған жарыма алғысымды айтамын.

- **Өкінген сәттеріңіз болмады ма?**

- Біз ең алғаш осы қадамға барамыз деп шешім қабылдағанда балаларды алғаннан соң кері қайтаруға болмайды деген шешімді бір ауыздан қабылдадық. Себебі, біз екі үлкен өз істеріне жауап бере алатын адамдармыз, оның үстіне өзі көңілдері жарымжан балаларға қалай ғана қиянат жасауға болады. Бізде ойлануға аз уақыт болған жоқ, және бізді ешкім қинаған жоқ, сол себепті бұл сұрақ бізге арналған емес деп ойлаймын.

- **Ал, кейін балалардың ата-анасы табылып жатса, не болмаса өздері іздеп көргілері келсе, Сіз қалай жасайсыз?**

- Мен бұл балалардың ата-аналарына осындай алтындай балаларды дүниеге әкелгендері

үшін ризамын. Әрине, олардың тастап кеткені тағы басқа қылықтары ол басқа сұрақ қой. Біз ол жайында өте көп ойланамыз, және өзімізге шешім де қабылдап қойдық, балаларымыз мектептерін бітіріп, жоғары оқу орындарын аяқтап, бір-бір маман иесі болып, аяқтарынан нық тұрып кетпейінше, біз бұл балаларымызды ешкімге бере алмаймыз. Тіпті өзіміз де іздеп тауып беруге, ол кісілерге көмек керек болса балалары көмектескеніне біз еш қарсы емеспіз, бірақ, біздің жаңа жоғарыда айтып өткен шарттарымыздан кейін. Неге дейсіз ғой, біз балаларымыздың тағы да бір рет алданып қалғанын қаламаймыз, ол оңай болмайды. Ол кісілердің әрқайсысында өз кезінде мүмкіндіктері болды. Енді тек осылай ғана болады.

- **Осы күнге жету Сізге оңай болмағаны анық. Көмектескен жандар болды ма?**

- Мен ең алдымен осындай бағдарлама шығарған Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлына алғысымды айтқым келеді. «Жетісу жетімдер үйінсіз» атты жоба үшін Алматы облысының прокуратурасы мен білім департаментіне алғысым шексіз. Біздің отбасымызға осындай бақыт сыйлаған және сол жолда көп тер төккен әрбір азаматқа рақметімді айтқым келеді. Және еліміздің отбасыларына айтқым келетін бір ойым бар еді: Құрметті ата-аналар, балаларға, тастанды балаларға, әке-шешесінен айырылып, өмірлері өксіп қалған әр сәбиге бақыт сыйлаудан қорықпаңыздар, ол балалардың әрқайсысы бақытты болуға құқылы, егер Сіздің жүрегіңіз үлкен болса, ол жерден міндетті түрде әр балаға орын бар. Сіз тек сеніңіз және өз өңіріңіз бойынша керекті органдарға барсаңыз болғаны.



P.S Бүгінгі таңда Алматы облысы бойынша тастанды және әке-шешесінен айырылып қалған бала саны 3000-нан асады. Олардың 85%-ы патронатты отбасыларда тәрбиеленуде.

2016 жылы 109 балаға отбасы бақытын табу бұйырса, 2017 жылдың алғашқы жартысында 145 бала отбасылы болған. Алдағы жоспар бойынша 2020 жылға дейін мұндай мекемелер саны 50%-ке азаяды деген үмітте.

Біздің құрметті оқырмандарымыз, қарап, оқып, оқығанды ойға түйіп отырсаңыздар, Біржан мен Әлия Кәрібаевтардың бәрімізден бір ғана артықшылығы – ол жүректерінің кеңдігі, сол жүректен орын берген әр сәби бақытты болсын дегіміз келеді!





Путь к олимпийским медалям начинается с семьи!

В начале 2010 года одно из спортивных изданий рассказало о счастливой истории любви двух прославленных североказахстанских спортсменов. Тогда Евгений и Ирина Эктовы – мастера спорта международного класса по легкой атлетике только-только сыграли свадьбу на добрую сотню людей и делились планами на будущее. Молодожены смело заявляли о том, что вопреки стереотипам можно удачно совмещать спортивную карьеру и семейную жизнь.

Утверждение молодой семьи было небеспочвенным. Родители Евгения – Александр Николаевич и Нина Викторовна Эктовы, всегда являлись для сына достойным примером того, как семья поддерживает спортивные начинания, а спорт укрепляет дух семьи.

Александр Николаевич является тренером-преподавателем по легкой атлетике в КГУ «Школа высшего спортивного мастерства» и старшим тренером сборной области по легкой атлетике, его супруга Нина Викторовна также воспитывает юные спортивные дарования. Наверное, самой судьбой было решено, чтобы такая спортивная, подтянутая, красивая и дружная семья приняла участие в конкурсе «Мерейлі отбасым».

- Я мама добрая, а тренер строгий, - рассказывает журналистам Нина Викторовна, после награждения в Петропавловске, - Ставим цель и идем к ней – это самое главное кредо нашей семьи.

Но не только семейными ценностями и достижениями знаменита семья Эктовых.

Александр Николаевич, как старший тренер сборной области, воспитал для страны четырех мастеров спорта международного класса РК, восьмерых мастеров спорта РК. Сегодня его воспитанники в составе штатной национальной команды страны, успешно выступают на международных соревнованиях.

Нина Викторовна не отстает от знаменитого супруга, она является прекрасным тренером, за

ее плечами несколько поколений выпускников-спортсменов, покоровших спортивные вершины страны и мира. За годы работы она подготовила 3-х мастеров спорта Республики Казахстан, среди которых и младшая дочь - Екатерина.

Екатерина в 2014 году окончила факультет физической культуры и спорта СКГУ им. М.Козыбаева. На данный момент является мастером спорта международного класса по легкой атлетике и, продолжая спортивную семейную династию, работает тренером-преподавателем. На счету у молодой и уже знаменитой легкоатлетки золото многих престижных спортивных состязаний, а также участие в Олимпийских играх в Рио.

Старший сын Евгений Эктов вдвойне благодарен судьбе, которая тесно связала его со спортом, ведь именно на занятиях легкой атлетикой он встретил свою вторую половину - спортсменку, красавицу Ирину.

Супруги сегодня являются мастерами спорта международного класса. Евгений входит в состав сборной страны по легкой атлетике в дисциплине тройной прыжок. В общей копилке Евгения и Ирины огромное количество золотых, серебряных и бронзовых медалей, также среди семейных достижений участие в Олимпийских играх в Пекине, Лондоне, Рио-де-Жанейро, победы в Азиатских играх в Гуанчжоу, на этапах Гарн-при по легкой атлетике и многое другое.

«Путь к олимпийским медалям начинается



с семьи!», - отметил в одном из своих выступлений глава дружной семьи Александр Николаевич Эктов, и в этом утверждении он абсолютно прав. По крайней мере, на примере своей семьи Александр Николаевич, Нина Викторовна, Евгений с Ириной и Екатерина доказали, что совершенно гармонично можно сочетать спортивную карьеру и прекрасные отношения в семье, профессиональный рост и благополучие в доме. Победа в региональном этапе республиканского конкурса «Мерейлі отбасым» - это еще одна золотая медаль, которую семья Эктовых может положить в копилку своих побед.

Салтанат Дарменшиева



АТАДАН ҰЛ ТУСА ИГІ, АТА ЖОЛЫН ҚУСА ИГІ

«Отан – отбасынан басталады» дейтін қазақ халқы қашанда отбасы құндылықтарын жоғары бағалаған. Мұның дәлелі ретінде 2014 жылы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының тұсауы кесілді. Жыл сайын өткізілетін бұл байқауға биыл 2952 отбасы қатысқан. Биылғы жылғы бұл сайысқа Маңғыстау өңірінен Көшеновтер әулеті қатысқан болатын. Отбасының отағасы Тұрсынғали Көшенов – Маңғыстау аймағындағы Жетібай, Қаламқас кен орындарын алғаш ашқан тәжірибелі геологтардың бірегейі, «Құрмет» орденінің иегері, «Еңбек ардагері», «Қазақстан мұнай-газ саласын қалыптастыруда және дамытуда көрсеткен елеулі еңбегі үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған. Отанасы – Ханшайым Жүсіпқызы алты баланы дүниеге әкелген көп балалы ардақты ана, күміс алқа иегері. 58 жыл бірге ғұмыр кешіп келе жатқан қариялар бүгінде алты баладан жиырма немере, екі шөбере сүйіп отырған жайы бар. Қазақстан Республикасының құрметті барлаушысы Тұрсынғали Көшенов бүгінде отбасымен бірге Қарақия ауданының орталығы Құрық ауылында тұрады.

Тұрсынғали Көшенов 1934 жылы Маңғыстау облысында дүниеге келген. 7 жасқа толып балалық шақтың нағыз бал дәмін сезінетін уақытта зұлмат соғыс басталған-ды. Әр шаңырақтың арқа сүйер әкелері мен бауырға қорған боларағалар жауға қарсы төтеп беруге аттанғанда елде қалған қара жұмыс жас балалар мен аяулы аналардың мойнына артылған болатын. Бұл жөнінде қария өзінің сұхбатында «...аттың үстінде шығырға жетекші болдық. Егіс даласына жүгері егетін, жүгеріні торғайдан қорғау үшін сақпанға тас салып, торғайларға лақтырып соларды үркітетінбіз. Кейін үкімет сүйек жинатты. Малдың далада қалған сүйектерін жинадық. Оны үкімет үстіне адыраспан деген шөпті салып әбден

қоюланғанша қайнатып, бөліктерге бөліп кептіріп, халыққа сабын етіп тарататын...» Науқас әкеге сын келтірмей, үй тіршілігі мен тылдың ауыр жұмысын қатар алып жүрген анаға қолқанат болған бала Тұрсынғалидың соғыстың сұрапыл жылдарымен тұспа-тұс келген балалық шағы осылайша ерте есеюге мәжбүр етті. Ал соғыс аяқталған соң ол бар зейінін оқуға аударады. «...8-сыныпта оқып жүрген шағымда көшеде қорап тиеп жатқан бір азаматпен таныстым. Олар өздерінің геолог екендерін айтып, маған да сол жолды таңдауға кеңес беріп, менің осы салаға деген қызығушылығымды оятты. Кейін бұл азаматты тағы жолықтырдым. Сол жолы ол маған бұл мамандық бойынша білім алуға болатын жоғарғы оқу орындарының атауы мен мекен-жайларын ұсынды. Мәскеу, Грозный, Баку қалаларының ішінен мен Бакуге құжат тапсыруды жөн көрдім». Солайша, мектепті аяқтаған соң Бакуге оқуға аттанып, геолог мамандығы бойынша 5 жыл бойы білім алумен қатар бұрғылау жұмысын қоса атқарады. Оқуды аяқтаған соң елге оралып, өзінің еңбек жолын Жетібай кен орнынан бастайды. Дәл сол жылы медицина саласының маманы Ханшайым Жүсіпқызымен отау құрады. Бірі еңбекқор геолог, бірі жұмысшылардың денсаулығына жауапты ақ халатты абзал жан болып екеуі еңбек жолында қатар жүреді. Көп ұзамай-ақ дүниеге сәби келіп, Тұрсынғали мен Ханшайым Базаргүл атты қызды болады. Отбасының тұңғышы осы Базаргүл еңбек жолында жүрген ата-анасымен бірге Батыс өңірін түгел аралап шыққан. Тұрсынғали атамыз Жетібай кен орнынан өзге Сазтөбе, Шөмішті, Қарамандыбас, Ақсу, Кендірлі кен орындарында барлау жұмыстарын жүргізген. Мақтанғанды еркектікке сын деп түсінетін намысшыл азамат талай ерліктер жасап, көптің алғысына бөленсе де, онысын ешқашан кеуде керіп өзгелерге айтқан емес.



Жүздеген сәбидің өмірге аман-есен келуіне себеп болған Ханшайым апамыз да еш уақытта көпке ұсынған көмегін жария еткен емес.

Көптің батасын алған Тұрсынғали ақсақал мен Ханшайым апамыз бүгінде – Айғали, Қыйымғали атты екі ұлы мен төрт қызынан немере, шөбере сүйіп отырған бақытты қариялар. Еліне елеулі Тұрсынғали атамыз – Қашаған жыраудың ұрпағы. Қара домбырасын қолына алып күй шертіп балашаға, немере, шөбереге үлгі болған Тұрсынғали атамыздың Әндіғали атты немересі де өнерден құр алақан емес. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» демекші, атамыздың Әндіғали және Сәндіғали атты екі немересі де аталарының жолын қуып геолог мамандығы бойынша білім алған.

Ғұмырының сан жылдарын геологияның қырсырын білуге сарп еткен ақсақалдың бір арманы бар білгенін жас буынға үйрету, жиған құнды деректері

мен жәдігерлерін кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыру болатын. Осы мақсатпен қария аудан орталығында алғаш рет мұражай ашуды қолға алған. Ақсақалдың игі бастамасын қолдаған аудан басшылығы мұражайға арналған ғимарат бөліп берген. Бұл мұражай аудан орталығында ашылғалы тұрған алғашқы мұражай болғандықтан да ерекше маңызға ие болары сөзсіз. Мұражайға Тұрсынғали ақсақалдың жылдар бойғы еңбек жолында жинаған геологтар пайдаланған техникалық құрал-жабдықтар мен олар туралы құнды деректер қойылады. Олардың ең құндысы – жерасты байлығы шамамен 200 жылға жететін кеніштер көрсетілген геологиялық карта. Оны ақсақалдың өзі арнайы салдырған.

Зейнетке шыққан ақсақал мұнымен шектеліп қоймай, өздері тұратын үй жанынан шипалы су көзін тауып, бұрын мейірбике болған жарының ұсынуымен емдеу-сауықтыру кешенін тұрғызған.



Бақыт бағалағанның қолына қонады

Мәуелі бәйтеректей болған бұл отбасының тамыры тереңге жайылып, жапырақтары жайқалып, жемістері пісіп, тіпті рахатын көрсетуде. Қарасаң көзің тояды, жазам деген адамның теңеуі жетпейтін Алатаудың бөктеріндегі осы бір отбасына тәнті боласың. Жарты ғасырдан астам бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан отбасының өнегесі мол. Сәбит ағамыз Зүбайра апамызды бір көргеннен ұнатыпты. Апайымыз ол кезде небары 18-де болған екен. Көп ұзамай шаңырақ көтереді. Өмірге келген ұл-қыздарын тәрбиелеп, өздері де өмірлік тәжірибе жинайды. Шаңырақ көтергенде отбасында әжесі мен ата-аналарының болуы екі жастың ара-қатынасының берік болуына, нығая түсуіне әсер етеді. Зүбайра апамыз бүгінде «мәдениетті, зиялы отбасына келін болып түстім» деп жастық шағын сүйіспеншілікпен еске алады. Мектеп директоры болған атасы Иманғали Жұмағұлов Темірбек Жүргеновпен Ташкенттегі оқу комиссариатында бірге оқыған, әрі ағайын туыстықтары да бар екен. Түске дейін сабақ беріп келетін Зүбайраға атасы шәй құйғызбайды екен. «Қазір тағы кетеді мектебіне, бәйбіше, шәйіңді өзің құя бер, балам дұрыстап шәйін ішіп алсын» дейді екен. Ал біртоға енесі ешқашан еріне қарсы келген емес. Қалада өскен Зүбайра алғашында даладағы ошаққа от жағып, табаға нан жабуды білмей, онысын үлкендерге білдірмей, тығылып жүріп табаға нан салған күндері де болған екен. Кейде тамақ жетпей қалмасын деп көбірек істейтіні бар-ды. Сонда үлкен әжелері «көп болып кетіпті-ау, артылып қалатын болды ғой» десе, Сәбит те екі жақты ренжітіп алмайын дегендей: «Бұл Зүбайра ертең тамақ істеп жүрмей-ақ қояйын деп әдейі көп

жасаған ғой», деп әзілдеген болып демеп отырады екен. Қазір сол сәттердің бәрі сағыныш. Бес бала сүйіп, олардан он сегіз немере, төрт шөбере көріп отырған Сәбит пен Зүбайра Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының Жаңаталап, қазіргі Т.Жүргенов атындағы ауылда туып-өскен. Екі жақсы қосылғалы бері олардың шаңырағынан өз балаларынан бөлек 17 ұл-қыз тәрбиеленіп, қанаттанды. Сонау жылдары Төретамда тұратын Ыбырай есімді ағайынның әйелі қайтыс болып, шиеттей бала-шағасымен жанына көшіріп әкеліп, ұл-қыздарына пана болып, оқытып, тоқытып, үйлендіріп, жеке-жеке отау қылған да осы мерейлі отбасы болатын. Сол балалар да бүгінде бір қауым ел.

Бес баланың үшеуі ғылым жолын қуса, олардың балалары да осы білім мен ғылым жолында жүр. Бір отбасында үш ғалымның болуы, екі Журналистер одағының мүшесі мен үш бірдей ауданның Құрметті азаматының, екі өз саласының үздіктерінің болуы өте сирек кездесетін жағдай болса керек. Ал Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Сәбит Иманғалиев пен Білім беру ісінің үздігі, 9–11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқулығының авторы Зүбайра Қыстаубаеваның еліміздің білімі мен рухани дүниесіне қосқан еңбектері қаншама?!

Бұл отбасы мүшелері 17 кітаптың авторы екендігін білсеңіз, ал отбасының ұлағатты ұстаздық жолдағы жалпы еңбек өтілдері бір ғасырды құрайды. Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищені, одан кейін Қызылорда қаласындағы бұрынғы Гоголь, қазіргі Қорқыт ата атындағы университеттің Филология факультетінің

түлегі Зұбайра Қыстаубаева 9–11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқулығының авторы. 17 мың таралыммен «Мектеп» баспасынан шыққан бұл оқулық күні бүгінге дейін жас ұрпақтың ана тіліне деген құрметін арттыруға дем беріп келеді. Зұбайра Қыстаубаева, сонымен бірге, 1993 жылы жарық көрген «Орысша-қазақша» сөздіктің, «Біздің қаланың көшелері» (1997 жылы), 1998–2008 жылдары жарияланған «Қызылорда қаласының көшелері» атты кітаптардың да авторы. Жалағаш ауданындағы, Қызылорда қаласындағы мектептерінде, өзі білім алған Қорқыт ата атындағы университетіндегі ұстаздық еңбегі кейін Алматыға қоныс аударып келіп, жұмысқа орналасқан Алматы экономика және статистика академиясында, одан кейінгі Қазақ–Америка университеттерінде қызмет еткен жылдары көп көмегін тигізіп, Зұбайра Қыстаубаеваның ұлағатты ұстаз атануына септігін тигізді. Оның еңбек қоржынында талай марапаттар, Алғыс хаттар мен Құрметті грамоталары жетерлік, бірақ ұлағатты ұстаз үшін солардың ішіндегі ең құрметтісі, әрине, «Қазақстанның Білім беру ісінің үздігі» деген төсбелгісі.

Отасы Сәбит Иманғалиев ағамыздың еңбек жолы өте қызықты. Ол кісі дәрігер-филолог. Мектеп бітірген 1959 жылы Қызылорда қаласында медицина училищесінің емдеу ісі бөлімін фельдшер мамандығы бойынша бітірген Сәбит Иманғалиев сегіз жыл денсаулық сақтау саласында фельдшер, фельдшерлік пункттің меңгерушісі болып жұмыс істейді. Бірақ жүрек түкпіріндегі сөз өнеріне, қаламға деген құштарлығы тән шипагері мамандығын жан шипагерлігіне ауыстыруына септігін тигізді. Екі мамандықты таңдауда қателескен жоқпын, дейді Алматы қаласының «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы атанған Сәбит Иманғалиев. Күні бүгінге дейін отбасы мүшелерінің бірі сырқаттана қалса әкелеріне келеді. Сәбит Иманғалиевтың да еңбек жолы өнегеге толы. Әсіресе, ол кісінің сонау тоқсаныншы жылдардың басындағы қиын-қыстау кездегі қайтсем қазақ тілін жандандырам деген мақсатпен Украинадан қазақ қаріптерін орнату үшін 250 жазу машинкасын алдырып, оған қазақ қаріптерін орналастырған еңбегін қызылордалық тіл жанашырлары әлі күнге ұмытпайды. Білім, медицина, техника салалары бойынша 10 мың сөзден құралған «Орысша-қазақша» сөздігі, қазақша іс жүргізу

қағаздарының 30 түрлі үлгісін жасауы да ол кісінің ана тіліне деген жанашырлығын танытады.

Сәбит Иманғалиев Қазақстанның әр кездері астанасы болған Қызылорда, Алматы, Астана қалаларындағы көшелерге аты берілген 1500-дей танымал тұлғалар жайлы бес кітап жазған автор екендігін біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Бұл кітап кезінде Германия мен Түрікменстанда өткен Халықаралық кітап көрмесіне қойылған. Бүгінде Сәбит ағамыз Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кітап дайындау үстінде. Адам баласына мына өмірде отбасын құру, өмірге ұрпақ әкеліп, одан парасатты да салиқалы ұрпақ өрбіту, үй салып, ағаш отырғызу парыз етілсе, Сәбит Иманғалиев пен Зұбайра Қыстаубаева бұл парыздарын адал атқарып келе жатқан аяулы ата-ана, ұл-қыздарынан тараған немерелері мен шөберелерінің сүйікті ата-әжесі. Балалары: Гүлжан, Гүлсара, Бауыржан, Гүлназ, Сәтжан өмірден өз орындарын тапқан бір-бір әулеттің иелері. Бауыржан, Гүлназ, Сәтжан ғылым жолында. Сәтжан «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Гүлжан мен Гүлсара да өздері қалаған мамандық иелері Гүлсара қаржы саласының үздігі. Отбасында үш Құрметті азамат бар десек, ұлы Сәтжан Жалағаш ауданының, келіні Маржан Ордабасы ауданының, ал Сәбит Иманғалиевтың өзі Жалағаш ауданының Құрметті азаматы. Ұлы Бауыржан да Журналистер одағының мүшесі. Бауыржанның Т.Жүргенов туралы жазған кітабы да Халықаралық кітап көрмесіне қойылған. Алты жасында шахматтан Қазақстан чемпионы, спорт шебері атанған күні кеше ғана Халықаралық жарыста ел намысын қорғап қайтқан Алдияр Аңсатов Сәбит аға пен Зұбайра апамыздың ғана емес, елі мақтан тұтатын немересі. Ал Назеркесі дәстүрлі ән айтудың жұлдегері. Иманғалиевтер отбасында ұл-қыздары, немерелері бірнеше тілді меңгерген. Бірақ үйде ешқайсысына өзге тілде шүлдірлеуге жол жоқ! «Сырттан кіріп келе жатсың ба, басқа тілді табалдырықтан қалдырып кетіп, ана тіліңде сөйле!» – әке-атаның қатаң талабы осы.

– Жоғары оқу орнында ағылшын, орыс тілдерінде лекция оқитын бір қызымның балалары, яғни жиендерім әлгі талабыма «көңіңкіремей» жүр, батырып ұрысып қоятыным бар. Біздікіне келуге жинала бастағанда-ақ «атаға бара жатырмын,

қазақша сөйлеу керек» деп дереу өзгере қояды екен, оған да шүкір дейміз, – деп күлді Сәбит ағамыз әңгіме арасында. Бірде қызы мен күйеу баласы халықаралық шахмат жарысына қатысатын ұлдарымен бірге Астанадан достарының екі баласын да ертіп келеді. Есіктен ене берген астаналық мейман балақай Сәбит атаға қолын ала жүгіреді. – Сәлеметсіз бе?! – дейді сосын. – Ай, балам, бұдан кейін ата-ағалармен «Ассалаумағайлейкүм!» деп амандас, жарай ма?! Сосын, андағы орыс тілің біздің үйге жарамайды, біздікіне келдің бе енді, тек қазақша сөйлейтін болыңдар, – деді арқасынан қағып. Сөйтіп, әлгі екі балақай тілі келмесе де тырысып қазақша сөйлеп жүріпті. Екі күннен соң бірінің шешесі келеді ғой. Сонда алдынан жүгіріп шыққан әлгі 8-9 жасар қонақ

бала: «Мама, тсс, бұл үйдегі адамдар тек қазақша сөйлейді екен», деп сыбырлап жатқанын естіп қалған көпшілік аңғал баланың таза көңіліне, ниетіне риза болысып, жамырай бір күліп алған екен.

Сәбит аға мен Зұбайра апамыздың отбасындағы осы бақ пен бақытты тал бесіктен берілген ұлттық тәрбие мен ата-ана тәлімінің жемісі деп бағалайды. Ал, Алматының «Мерейлі отбасы» мәртебесі бұл отбасына лайықты берілген баға екендігі даусыз. Мерейлеріңіз үстем болсын, ұлтына үлгі бола білген, босағаларын махаббат пен сыйластық қорғап келе жатқан Иманғалиевтар отбасы дегіміз келеді.

Нұржамал Тегінбайқызы



Ұлы дала қызы


Ақынның қаламынан жыр туса, суретші керемет туындысын ойымен, әдемі қыл-қаламдарымен жазады. Мүсінші мүсінін керемет қыштан жасайды, архитектор сызбасын қаламымен бастырады. Бірақ, бір ғана сұрақ: сонда олар оның бәрін қайдан алады? Әрине, ӨМІРДЕН... иә, иә, Сіз дұрыс естідіңіз, өмірден. Сол сияқты жас, талантты режиссер Жаннет Әбіштің жаңа туындысы да сол нағыз қазаны қайнаған ауыл өмірінен алынған. «Ұлы дала қызы» деп аталатын үш тілді, жеті сериядан тұратын деректі фильмнің «Ауыл әйелдерінің 1 форумы» қарсаңында жабық көрсетілімде жарық көргені кездейсоқтық жайт емес, себебі фильмнің басты кейіпкері – 8 баланы дүниеге әкелген, 60 жастан астам өмірін ауылдан шалғай жатқан қыстауда өткізіп келе жатқан Батыр ана. Ол кейуананың қыстауда жалғыз өзі қандай күй кешіп жатқанын, жан жары дүниеден өткеніне 10 жыл уақыт өтсе де, сол түтінді түтетіп отырған 76 жастағы Сәбилә апай 500 қой мен 30 сиырды жалғыз сауып, таңдай қаққызып отырғаны сөзсіз. Иә, сіздер мұның бәрін көгілдір экран арқылы көре де аларсыздар. Ал, біздің «Отбасым» журналының ұжымы қол құсырып отыра алмай, өз оқырмандарымен жаңа дүниені бөліссек деген ниетпен Сәбилә апайдың әңгімесін ұсынып отыр.



«4-ші кластан бастап, бізді жұмысқа салды. Онда оқып жүрген кезіміз, тоқ жоқ. Күні кешке дейін бригадіде жұмыс істейміз. Шөп үйеді, соған болысамыз. Келгеннен кейін, майзаводқа сүт апарамыз, құямыз. Кешке бригадір келіп әйнекке, айғайлап: «Әй, коммунист қызым қайда? Жұмысқа шық» дейді. Сол бір шайды ішіп, тамағыңды іше сап, 8-де складқа жұмысқа кетесің. Онда 5 қызбыз. 4 класс оқып жүргенде қай күш бар, 2 қыз құлағын бұраймыз, 2 қыз үстінен шелектен дән салады. Бір қыз тазаланған дәнді күреп тұрады. Түнгі сағат 12-де үйге келеміз. Сол әбден шаршап, күндіз кешке дейін жұмыс, түнімен 12-ге дейін жұмыс, әбден шаршап, мұрттай ұшып, шала-пұла жуынып, ұйықтайсың. Таңертең сағат 8-де қайтадан сол жағдай. Складтың алдына барасың. Жиналады бәрі. Кетесің жұмысқа тағы. Сондай өмір болды бізде. Біз ешқандай жақсылық көргеміз жоқ. Неге десең, кісі жетіспейді ол кезде: соғысқа барғандар, кем-кетік боп келгендер. Сол үшін балаларды апарды. Демалыс-сенбі, мектептен шыққанда Волосаға барып, тас жинатқызатұғын. Астық дұрыс шығу үшін тастың бәрін жинау керек. Өте ауыр жұмыс» – деп бастады әңгімесін Сәбилә апай. Үлкен өмірді де апамыз жас кезінен бастаған екен, 15 жасында, отау құрған кездерін де еске ала кетеді: «7 класты бітірдік, декабрь айы болатын. Үйден шықтым да, жеңгем бар, жеңгем екеуміз қалжыңдасып, отыратұғынбыз. Сол үйге кетіп бара жатқанда ұстап, алып кетті. Содан енді не істеуім керек, «бармаймын» дедім. Болмады, салт атқа мінгізді мені, бәйге атқа. Атқа мықтымын, кеттім шылбырды іліп, «Маған қуып жетіп алыңдар» деп. Олар қалып қойды. Жұлдызбен айналып келдім. Енді үйге қашып келмекшімін. Оған жақындап келе жатқанда, алдымда он шақты жігіт тосып тұр. Қайта бардық, аттан түсіп, үйге кіріп. Кіргім келмейді, бөтен үй. Содан бәрі үптеп-жүптеп, үлкен кісілер «Қой, әуелгі бағың. Бармасаң, бағың қайтып кетуі мүмкін» – деген соң, қалып, құрған отауының түтінін түтетіп, ардақты ана, адал жар, қазіргі кезде асыл әже болып отыр. Ал, біздің алып қашқаннан соң жағдай қалай болды, бірге қалай тұрып кеттіңіздер деген сұрағымызға: «Енді бәрібір алғаш барғаннан жақсы көресің. Неге десең, сен үй боламын деп барасың ғой. Басында сол, үйренісіп кеткенше. Ол да үндемейді, мен де үндемеймін. Екеуміз де жаспыз. Сөйлейтін де шама жоқ. Ол қой жайып кетеді, далаға шығамыз, әрі-бері. Сиыр саууға жүгіру керек, от жағып, шай қайнату. Тіпті, әңгімелесуге уақыт жоқ. Бірімізге біріміз аса қатты сөйлемейміз. Ол айтса, мен жүгіріп кетемін. Мен айтсам, ол бірдеңесін істейді. Сөйтіп, өмір сүрдік. Қыстай қойды далаға тепкізеді, совхоз кезінде. Үйге келмейді, түскі тамақ ішпейді, кешке бір-ақ келеді. Ал, үйдегі жұмыстың бәрін мен өз мойныма аламын. Бәрін істеп, бәрін жөндеп, орын-орнына келтіріп, дайындап қоямын», – деп апамыз біраз ойға шомды.

«Енді қазір менің балаларымның бәрі өсті, жетті, үйлі-баранды болды. Немерелі болып отырмын, аса ештеңе ойламаймын. Бір кішкене өзім ауырамын. Әйтпесе ұйым-қайғы жоқ, бәрі бар: малым да бар, үйде бәрі бар. Орны-орнына келіп тұр, келтіріп тұрмын өзім істеп. Сол әлгі, мал ауырып, бірдеңе ететін болса, тұра алмайтын боп қалса – өзім емдеп, өзім уколдап, өзім жазып алам. Мен врач іздемеймін. «Әттең, шіркін, өзім оқымағаным-ай» деп өзіме ыза болам», – деді қария. Мал баққаннан жалықпадыңыз ба, демалып, балаларыңыздың қолына барып, қыдырып, жүргіңіз келмей ме, – деген сұрағымызға Сәбилә апамыз: «Қалаға менің барғым келмейді. Неге десеңіз, мен мына жерде 60 жыл отырмын ба, мен мына жерімді қимаймын. Мен құсап отырған бір адам жоқ. Осы көп халық, 25-ке жуық, қойшы болған. Содан біреуі жоқ. Светтердің бәрін қиды, діңгегін әкетті. Мен ғана ұстап отырмын мына жерде. Ол кезде ақсақалым бар болатын, екеуміз ұстап отырып қалдық. Одан кейін ақсақал мал жайлайды, сөйтіп жүріп, ауру болды. Сонда да, өмірден өтіп кетсе де, мен бой бермей, отырмын мінеки әлі. Ол кісінің өткеніне 10 жыл болды. Сонда да оның тастап кеткен мал-жанын қимай, орнына келтіріп, малын бағып отырмын. Мен сағат 5-те тұрамын, соның бәрін істеп, үлгеруім керек. Ал үлгермесең, түн болып кетеді. Одан кейін істей алмай қалам. Қаншама, міне, қаз-тауықтарым бар. Соның бәріне қарауым керек. Суын, жемін құюым керек. Қазір мен отырмын ғой ауылда. Тамақ емес пе бәрі?! Бәрі өз тамағың. Магазиннен сатып алғандай емес – мынау өз қолыңдағы тамақ дәмді ғой, айтшы. Ешқандай ішінде ештеңесі жоқ. Кәдімгі сүттен істелініп тұр. Майың ба, құртың ба, ірімшігің бе – бәрі қолыңнан келіп тұр. Мысалы, мені көздерің көріп тұр: сағат 5-те тұрғаннан мен күні кешке дейін жүгіремін. Мен, міне, қазір отырып қалдым, бәлен жұмысым қалып қойып тұр», – деп апамыз бізге қарады.







«Енді өздерің ойлаңдар, қазірге дейін мен, мінеки, сиыр сауып, сүтімді тартып, құртымды жайып отырмын. Майымды пісіріп. Көрдің?! Менің, міне, екі холодильнигіме май сыймай тұр. Ашып көрсеңдер де қазір. Ана жерде 5 литр кілегей тұр, май шайқауым керек. Уақытым жоқ боп тұр. Соның бәрін, міне, таңертең сиыр сауып келгеннен кейін, сүт тартып, бәрін жуыпшайып, ыдыс-аяқ, сепаратордың ішін жуып, бәрін жөндеп, одан кейін сол кірісем. Май былғаймын, құрт жаямын. Соның бәріне жүгіріп жүрмін. Қойшымның тамағы бар. Оның бәрін істеп, үлгерем бәріне», – деген апамыздың өмірге деген құштарлығы мен, Қазақ атам айтпақшы: «малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы» деген емес пе, содан болар, жеріне, отбасына, отағасына деген махаббаты мен шыншылдығына қайран қаласың.

«Өмір сүрем дегеннен кейін, алға ұмтылу керек. Сен әлгі мүлгіп отыра берсең, артқа шегіне берсең, сені артқа қарай тарта береді. Сен ұмтылуың керек. Істеуің керек. Балаларыңды өсіріп, жеткізуің керек. Сенің бірдеңең бітпей жатыр ма, соны орнына келтіру

керек. Сол орнына келгеннен кейін сенің ар жағың, бәрі жайбарақат болады. Ал, орнына келмей, бітпей жатса, сенің сол істемей жатқан жұмысына кедергі болып тұрады. Сол үшін соның бәрін істеп, орнына келтіріп, бәрін жөндеп, бітіріп алсаң, «уф» деп кішкене демалып отырғанда өзіңе өзің қуанасың».


Міне, нағыз қазақ әйелі, қорықпай, жалғыз өзі қыстауда жүріп, балаларының болашағы үшін, отбасының амандығы үшін ғұмыр кешуде. Бұл жасанды дүние емес, нағыз өмірден алынған кейіпкер. Осындай сүйегі асыл, ойы таза, еңбегі адал жандарды іздеп жүріп, түсірілім алаңын өз қаражаттарына ұйымдастырып отырған жас режиссер Жаннет Әбіш пен осы жобаның продюсері Ана Чакерхан ханымның еңбектері бағаланса, көп көңілінен шықса екен деп тілейміз. Бүгінгі таңда бұл туынды бағын сынап, бірнеше мемлекетте халықаралық кинофестивальдерге ұсынылып та отыр. Ендеше, ойларыңда ғаламтор мен жеңіл өмірді аңсайтын ұлдарымызға сын, қыздарымызға үлгі боларлық жолы бар «Ұлы дала қызы» филіміне тек шығармашылық биіктер тілейік.



**Достық қандай
болады?**

Біз бүгін оқырман назарына балалар шығармашылығына арналған айдарға жер бетіндегі ұлы сезімдердің бірі Достық жайлы жазбақшымыз. Достық дегеніміз не, оны сен қалай түсінесің және тағы басқа осы сезімнің төңірегінде мектеп оқушылары өз ойларымен бөліскен еді.





Менің жан досым

Достық – бұл ғажап сезім. Мен үшін достық – бұл сенім. Бұл сезімді адамдармен араласа келе білесің. Ең бастысы досыңа әділ, адал болуың керек. Нағыз дос адамға шабыт беріп, қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі.

Менің досымның аты – Аяя. Ол 6-сыныпта оқиды. Ол 2007 жылы 11 мамырда дүниеге келді. Қазір ол 11 жаста. Біз 3-сыныпта таныстық. Бірақ біздің нағыз достығымыз тек 6-сыныпта басталды. Аяя оң жаңалауда тұрады. Оның отбасында анасы, әкесі және үш сіңлілері бар. Аяяның бойы – ұзын және ол өте әдемі қыз. Менің досымның мінезі жұмсақ, қарапайым, мейірімді және ақылды қыз. Аяя мен үшін өте қамқоршыл, батыл және мінезі тамаша адам. Аяя екеуіміз бос уақытымызды өте көңілді өткіземіз. Біз бір-бірімізге сырымызды айтамыз, үй жұмысын жасаймыз, сурет саламыз, әндер тыңдаймыз.

Мен досымды жақсы көремін. Біз кейде ренжісіп қаламыз. Дос болғасын ондай жағдайлар болады ғой. Бірақ тез татуласып кетеміз. Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық. Дос табу оңай, ал оны сақтау одан да қиын. Менің ойымша шынайы дос бола білген адамның достары көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді. Мен ең бақытты адаммын, себебі барлық адамға бұйырмайтын ең үлкен сыйлық – ол адал досымның бар болуы. Достық ұлы сезім! Достарыңызды бағалаңыздар!

Олжасқызы Алуа

Астана қаласындағы Халықаралық мектептің
6-сынып оқушысы



Досыма арналған хат

Құрметті әкешім, жағдайыңыз қалай? Денсаулығыңыз жақсы ма? Жұмысыңыз қиын емес пе?

Менің сізге айтар көп жаңалығым бар. Биыл Фатима 1-сыныпқа барды. 23-қыркүйекте Фатиманың туған күні болды. Біз туған күнді «Mega» ойынсауық орталығында тойладық. Ал, ертең менің туған күнім болады. Мен 12 жасқа толамын. Бұл күні мектепте барлық пәннен бағалау жұмыстары болады. Бір қуантатыны, мен Айданамен «Сарыарқа» сауда орталығына барамын.

Әкешім, сізге айтатын қуанышты жаңалығым бар. Кеше дәрігерлер әжемнің аяғының толық жазылғанын айтты. Тағы бір тамаша жаңалық, Жамиля Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне, Абылай Назарбаев университетіне, яғни «Foundation» деген бағытқа оқуға түсті. Біз қатты қуандық.

Әкешім, сіз менің тірегім екеніңізді ұмытпаңыз. Мен сіз жасаған жақсылықтарды ешқашан ұмытпаймын. Сіз мен үшін жәй әке емессіз, сіз менің ең жақын досымсыз. Сіз менің өмірімнің бір бөлшегі екеніңізді түсіндім. Мен сізді жақсы көремін.

Сізді сыйлайтын қызыңыз, Индира.

Оспанбекова Индира

6-сынып оқушысы



Нағыз достық қай кезде байқалады?


«Досы жақсының өзі де жақсы» деп бекер айтылмаған. Себебі досың қандай болса, сен де дәл сондай боласың.

Достық қамқорлық пен өзара жауапкершіліктің белгісі. Менің ойымша нағыз достық көңілді сәттерден басталады. Егер досың үнемі саған ренжіп, жаныңа бататын сөздер айтып, қол ұшын беріп көмектеспесе, бұл нағыз достыққа жатпайды. Нағыз дос әдепті, әділ, адал, жауапты, сенің құпияңды сақтайтын қамқоршыл болады.

Менің достарым көп. Біз үнемі бір-бірімізге шабыт беріп, көмектесіп тұрамыз. Менің достарымның мінезі әртүрлі. Бойымыздағы кемшіліктер біздің достығымызға кедергі бола алмайды, қайта осындай кемшіліктерден арылуға бір-бірімізге көмектесеміз. Мен достарымды футбол алаңында кездестірдім. Содан бері біздің достығымыз тамыры тереңге жайылған ақ қайың ағашы сияқты үлкен, мықты болып өсіп келеді.

Достық – ең ғажап сезім. Мен әрдайым достарымның жан-жылуын сезінемін. Мен үшін ең үлкен сыйлық ол – менің достарым. Досты сақтай біліңіздер!

Болатов Алан



Достық туралы...

Кез келген адамның өмірлік мақсаттары бар. Ең маңызды мақсаттардың бірі – нағыз досты дұрыс таңдай білу. Нағыз дос қиын сәттерде саған шабыт беріп, көмектеседі. Менің ойымша, адал дос жауапкершілік пен қамқорлықтың белгісі. Нағыз достардың бойында мынадай қасиеттер болады: адалдық, қамқоршыл, мейірімділік. Досты табу оңай, ал оны сақтап қалу өте қиын. Менің жақын досым отбасымның бір бөлігі. Менің ең жақын досымның аты – Диас. Біз 6 жастан бастап доспыз. Екеуіміздің мақсаттарымыз ұқсайды. Біз кез келген жоспарды құрған кезде бір ойдан шығамыз. Екеуіміз де футбол ойнағанды жақсы көреміз. Түсінгенім, өмірде дос пен мамандықты дұрыс таңдай білу керек екен.

Махмұд Әди

Астана қаласындағы Халықаралық мектептің
6-сынып оқушысы





Необыкновенная душа

Порой встречаются люди с необыкновенной душой и неординарными способностями. Таковым является Бугинас Брониславас Казисович, преподаватель вокала, создатель инструментов и очень душевный человек, имеющий более 35 лет педагогического стажа. Брониславас Казисович неоднократно побеждал на республиканских творческих конкурсах и стал обладателем гранта акима г. Жезказган в 2012 году как «Лучший педагог дополнительного образования».

Сегодня читатели «Отбасым» смогут прикоснуться к творческому миру талантливого преподавателя и вновь почувствовать себя немножко детьми.

Маленькие звёздочки

Слова Бронислава Бугинаса
Музыка Александра Комарова

Мы как солнца лучики
Девочки и мальчики.
Дружно машем ручками,
Прыгаем как зайчики.
Мы такие классные,
Мы такие клёвые!
Распеваем песенки
Добрые, весёлые!

Припев:
Звёздочки, звёздочки
Маленькие звёздочки!
Есть у каждого из нас маленький секрет!
Звёздочки, звёздочки
Маленькие звёздочки!
Всем готовы подарить детский яркий свет!

Мы по жизни топаем
Мальчики и девочки.
Мы в ладоши хлопаем,
Прыгаем как белочки.
Мы такие классные,
Мы такие клёвые!
Распеваем песенки
Добрые, весёлые!

Припев:
Звёздочки, звёздочки
Маленькие звёздочки!
Есть у каждого из нас маленький секрет!
Звёздочки, звёздочки
Маленькие звёздочки!
Всем готовы подарить детский яркий свет!



Мы ребята – астанчата!

Слова Бронислава Бугинаса
Музыка Александра Комарова

Мы ребята-астанчата
Мы уже не малыши.
С песней бойкой и крылатой
Дружно на урок спешим.

Припев:

Ля, ля, ля топ, топ, топ
Ножки по дорожке.
Музыкальная семья,
Хлопаем в ладошки!

Оқушылар сарайына
Құшақ жая келеміз.
«Сәлем» дейміз бар адамға,
Қол бұлғаймыз, күлеміз!

Қайырмасы:

Ля-ля-ля, топ-топ-топ,
Бір жолмен жүреміз.
Әуендетіп көңілді,
Сабаққа кіреміз.

Мы своих друзей встречаем
Машем ручкой всем вокруг.
Весь дворец мы обнимаем
Наш дворец – любимый друг!

Припев:

Ля, ля, ля топ, топ, топ
Ножки по дорожке.
Музыкальная семья,
Хлопаем в ладошки!

Новый год

Слова Бронислава Бугинаса
Музыка Александра Комарова

В дружный хоровод снова в Новый год
С Севера примчался Дедушка Мороз.
Впереди саней троечка коней,
Что же добрый дедушка привез?


Припев:

Дили – дили – дили – дон!
Слышится хрустальный звон.
Веселится у ворот Новый год!
Дили – дили – дили – дон!
Слышится хрустальный звон.
Веселится у ворот Новый год!

Слышен звонкий смех. Новый год для всех
Приготовил разноцветный маскарад.
Саночки скользят, в гости к нам спешат.
На морозе бубенцы звенят.

Припев:

Дили – дили – дили – дон!
Слышится хрустальный звон.
Веселится у ворот Новый год!
Дили – дили – дили – дон!
Слышится хрустальный звон.
Веселится у ворот Новый год!



Новые звезды



В Астане состоялся одно из самых ярких событий в сфере детской моды Kazakhstan Kids Fashion Show-2018.

Участие в шоу-показе, прошедшем под девизом «Включай мечты!», приняли 22 мировых эксперта индустрии моды из 16 стран мира: фэшн-продюсеры, организаторы недель моды, директора модных журналов, именитые кутюрье, дизайнеры, фотографы, модели и даже парфюмисты. Среди основных гостей были Rocco Leo Gaglioti – создатель и продюсер телевизионного онлайн-журнала FNL Network (Лос-Анджелес, США), Sebastiano Giorgi – редактор фэшн-журнала «Gazetta Italia» (Милан, Италия), Stefanow Katarzina Anna – президент Berlin Fashion Week и другие.

На показе была представлена детская одежда как начинающих, так и известных за пределами страны казахстанских брендов: «Asraga» (Айдархан Калиев), «I Am Different» (Зарина Акшулакова), «Mimioriki» (Майя Жуманбекова), «Kunkei» (Сабина Жанзакова), а также дебютный показ 14-летнего дизайнера Roni (Вероника Иванченко). Также свои коллекции представили иностранные дизайнеры: кутюрье и представитель прет-а-порте класса люкс Christophe Guillaume (Париж, Франция), автор бренда «Balossa» – один из лучших рубашек в мире – Indra Kaffemanaite (Милан, Италия) и Yekaterina Ivankova (Флоренция, Италия) – итальянский дизайнер родом из Казахстана.

В этом году в проекте приняли участие 60 моделей – дети в возрасте от 4 до 18 лет. Большинство участников шоу – уже профессионалы с 5-летним стажем в модельном деле и танцевальном искусстве, так как находятся в проекте с самого его создания.

Программы показа была очень насыщенной. Это, прежде всего, фотовыставка в рамках сотрудничества с Европейским союзом, где участники проекты перевоплотились в культовых личностей Европы разных времен и народов.

Еще один сюрпризом стала замена традиционного 20-метрового подиума на масштабную сцену с LED-экранами и импровизированным световым 6-метровым подиумом.

По итогам показа мировыми экспертами выбран дизайнер, который был приглашен на неделю моды в Австрию, а победителем признана 14-летняя дизайнер Вероника Иванченко.

Феерическим началом шоу-показа стало выступление группы Танцевального центра «DreamWay» под руководством преподавателя по направлениям «художественная гимнастика» и «Baby Ballet» Гульмиры Идриссовой. Эмоциональный танец «Орлеу», который был представлен высоким уровнем современной хореографией и соответствующим показу стильным решением костюмов, впечатлил публику и с самого начала дал особый дух шоу, который стал украшением осеннего сезона уходящего года!





20
АСТАНА

